

Қоғам & Дәуір



Қазақстан Республикасы
Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Алмас Арзықұлов,
ҚР Президенті жанындағы
ҚСЗИ-дің жетекші
ғылыми қызметкері

Редакция мекенжайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 4
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20
Факс (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz
www.journal-kogam.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

ISSN 2414-5696 (print)
ISSN 2788-5860 (online)

doi.org/10.52536/2788-5860

Индекс 74007

Журнал саяси ғылымдар саласы бойынша
ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін
жариялау үшін Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі білім және
ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету
комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар
тізбесіне енеді.

Қоғам &
Дәуір

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Мұрат Насимов Мәдени бірегейлік генезисі және ерекшеліктері: отандық ғалымдар тұжырымдары мысалында	7
Дәмелі Нысанкуатова, Нұргүл Исматуллаева, Бота Нуралина Ақпараттық қауіпсіздікті басқару: медиа кеңістіктегі киберқауіпсіздік саясаты	24
Талғатбек Әминов, Нұржан Қоңырбаев, Алена Ғабдушева Қазақстандағы парламент институтының қалыптасуы – қоғамды демократияландырудың нақты көрінісі	35
Амина Урпекова, Данагүл Копежанова, Бибиғүл Бюлегенова Креативті индустрия саласындағы мемлекеттік саясат: стратегиялар мен тәжірибелер	50
Башир Алию Якасай Нигерияның мемлекеттік басқару жүйесіндегі тайпалардың әсері	67
Жапсарбай Қуанышев, Нұрбек Пұсырманов, Еркебұлан Аманғосов Саяси реформалардың контекстіндегі қазақстандық партиялық жүйенің дамуы	81
Бауыржан Шериязданов, Теңгеш Қаленова, Қуандық Какимов, Динара Әмірзақова Қазақстандағы билікті орталықсыздандыру: қазіргі жағдайы және даму перспективалары	99
Гүлнар Насимова, Гульмира Илеуова, Жұлдыз Басығариева, Айгерім Жунусова Қазақстандықтардың саяси қатысу әлеуеті: төмендеуі немесе қайта форматталуы	116
Майра Дюсембекова, Елдос Жұмағұлов, Ержан Ибраев Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі әлемдік тәжірибе	129
Айгүл Забиров, Наталья Сейтахметова Постнормальды кезеңде: исламның рухани және әлеуметтік феномен ретінде интерпретациялары	143

СОДЕРЖАНИЕ

Мурат Насимов Генезис и особенности культурной идентичности: на примере выводов отечественных ученых	7
Дамели Нысанкуатова, Нургуль Исматуллаева, Бота Нуралина Управление информационной безопасностью: политика кибербезопасности в медиа пространстве	24
Талғатбек Аминов, Нуржан Конрбаев, Алена Ғабдушева Становление института парламента в Казахстане – конкретное проявление демократизации общества	35
Амина Урпекова, Копежанова Данагүл, Бибиғүл Бюлегенова Государственная политика в сфере креативных индустрий: стратегии и практики	50

Қоғам & Дәуір



Қазақстан Республикасы
Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

Башир Алию Якасай
Влияние племен в системе государственного
управления Нигерии 67

**Жапсарбай Куанышев, Нурбек Пусырманов,
Еркебулан Амангосов**
Развитие партийной системы Казахстана
в контексте политических реформ 81

**Бауржан Шериязданов Тенгеш Каленова,
Қуандық Какимов, Динара Омирзакова**
Децентрализация власти в Казахстане:
современное состояние и перспективы развития. 99

**Гульнар Насимова, Гульмира Илеуова,
Жұлдыз Басығариева, Айгерим Жунусова**
Потенциал политического участия казахстанцев:
снижение или переструктурирование 116

**Майра Дюсембекова, Елдос Жумагулов,
Ержан Ибраев**
Обеспечение информационной безопасности:
мировой опыт. 129

Айгүл Забиров, Наталья Сейтахметова
Интерпретации ислама как духовного и
социального феномена в пост-нормальные времена . . . 143

CONTENTS

Murat Nassimov
Genesis and Features of Cultural Identity: Based on
The Example of the Findings of Domestic Scientists 7

**Dameli Nyssankuatova, Nurgul Istmatullaeva,
Bota Nuralina**
Information Security Management:
Cybersecurity Policy in the Media Space 24

**Talgatbek Aminov, Nurzhan Konrbaev,
Alena Gabdusheva**
The Establishment of the Institution of Parliament
in Kazakhstan is a Concrete Manifestation
of the Democratization of Society 35

**Amina Urpekova, Danagul Kopezhanova,
Bibigul Byulegenova**
Public Policy in the Creative Industries:
Strategies and Practices 50

Bashir Aliyu Yakasai
The Impact of Tribes in the Public Administration
system of Nigeria 67

**Zhapsarbai Kuanyshev, Nurbek Pusyrmanov,
Erkebulan Amangosov**
Development of the Party System of Kazakhstan
in the Context of Political Reforms 81

**Baurzhan Sheriyazdanov, Tengesh Kalenova,
Kuandyk Kakimov, Dinara Omirzakova**
Decentralization of Power in Kazakhstan:
Current State and Development Prospects 99

**Gulnar Nassimova, Gulmira Ileuova,
Bassygariyeva Zhuldyz, Aigerim Zhunussova**
Political of participation potential in Kazakhstan:
decrease or adjustment. 116

Қоғам & Дәуір



Қазақстан Республикасы
Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

*2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді*

Бас редактор
Алмас Арзықұлов,
ҚР Президенті жанындағы
ҚСЗИ-дің жетекші
ғылыми қызметкері

Редакция мекенжайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 4
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20
Факс (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz
www.journal-kogam.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

ISSN 2414-5696 (print)
ISSN 2788-5860 (online)

doi.org/10.52536/2788-5860

Индекс 74007

Журнал саяси ғылымдар саласы бойынша
ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін
жариялау үшін Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі білім және
ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету
комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар
тізбесіне енеді.

**Maira Dyussebekova, Eldos Zhumagulov,
Yerzhan Ibraev**

Ensuring Information Security: Global Experience 129

Aigul Zabirova, Natalya Seitakhmetova

Views on Islam as a Spiritual and
Social Phenomen in Post-Normal Time 143

Редакциялық кеңес

Ерлан ҚАРИН

– редакция алқасының төрағасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі, саяси ғылымдарының кандидаты

Уямо ТОМОХИКО

– Хоккайдо университеті жанындағы Славян зерттеулер орталығының профессоры (Жапония), Ph.D

Уильям ФИЕРМАН

– Индиана университетінің профессоры (АҚШ), Ph.D

Сон ЮНХУН

– Ханкук университетінің профессоры (Оңтүстік Корея), Ph.D

Нұрлан СЕЙДІН

– ҚР БҒМ ҒК «Ғылым ордасы» РМК бас директорының ғылыми жұмыстар және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты

Ғани ҚАРАСАЕВ

– ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының бөлім басшысы – бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы

Ботагөз РАҚЫШЕВА

– «Қоғамдық пікір» зерттеу институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты

Айгүл САДУАҚАСОВА

– Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты директорының орынбасары, әлеуметтану ғылымдарының докторы

Редакциялық ұжым

Алмас АРЗЫҚҰЛОВ

– Бас редактор, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих магистр

Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА

– ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары, Ph.D

Салтанат ЕРМАХАНОВА

– Қоғамдық пікірді зерттеу бөлімінің басшысы, әлеуметтанулар ғылымының кандидаты

Айдар ҚҰРМАШЕВ

– Азиялық зерттеулер бөлімінің басшысы, «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша Ph.D

Жанар САНХАЕВА

– Саяси зерттеулер бөлімінің басшысы, саясаттану ғылымдарының магистрі

Редакционный совет

- Ерлан КАРИН** – Председатель Редакционного совета, Государственный советник Республики Казахстан, кандидат политических наук
- Уямо ТОМОХИКО** – Профессор Центра славянских исследований Университета Хоккайдо, Ph.D (Япония)
- Уильям ФИЕРМАН** – Профессор университета Индиана, Ph.D (США)
- Сон ЮНХУН** – Профессор Ханкукского университета, Ph.D (Южная Корея)
- Нурлан СЕЙДИН** – Заместитель генерального директора по научным инновациям и международным связям РГП «Ғылым ордасы» КН МОН РК, кандидат исторических наук
- Гани КАРАСАЕВ** – Главный научный сотрудник–начальник отдела Института истории государства КН МОН РК, доктор исторических наук
- Ботагоз РАКИШЕВА** – Научный консультант, директор проектов в Исследовательском институте «Общественное мнение», кандидат социологических наук
- Айгуль САДВОКАСОВА** – Заместитель директора ТОО «Институт прикладных этнополитических исследований», доктор социологических наук

Редакционная коллегия

- Алмас АРЗИКУЛОВ** – Шеф-редактор, заместитель руководителя отдела медиапроектов Казахстанского института стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – Заместитель директора Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, Ph.D
- Салтанат ЕРМАХАНОВА** – Руководитель Отдела мониторинга общественного мнения, кандидат социологических наук
- Айдар КУРМАШЕВ** – Руководитель Отдела азиатских исследований, PhD по специальности «Международные отношения»
- Жанар САНХАЕВА** – Руководитель Отдела политических исследований, магистр социальных наук по специальности «политология»

The Editorial board

- Yerlan KARIN** – Chairman of Editorial Board, The State Counsellor of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Political Sciences
- Uyamo TOMOHIKO** – Slavic-Eurasian Research Center, University of Hokkaido (Japan), PhD, Professor
- William FIERMAN** – Department of Central Eurasian Studies, Indiana University Bloomington (USA), Ph.D. Professor
- Song YONGHONG** – Professor at the University of Hankuk, Ph.D (South Korea)
- Nurlan SEYDIN** – Deputy General Director for Scientific Innovation and International Relations of RSE "Gylym Ordasy" CS MES RK, Candidate of Historical Sciences
- Gani KARASSAEV** – Chief Researcher - Head of the Department of the Institute of State History of the KN of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Historical Sciences
- Botagoz RAKISHEVA** – Projects Director, "Public opinion" Research Institute, Candidate of Sociology
- Aygul SADVOKASSOVA** – Deputy Director of LLP "Institute of Applied Ethnopolitical Research", Doctor of Sociology

Editorial team

- Almas ARZIKULOV** – Chief Editor, Deputy head of the Deputy Head of Media Projects Department, Master of History
- Alua ZHOLDYBALINA** – Deputy Director, Doctor of Philosophy (Ph.D) in «Political science»
- Saltanat ERMAKHANOVA** – Head of the Public Opinion Monitoring Department, Candidate of Sociological Sciences
- Aidar KURMASHEV** – Head of the Department of Asian Studies, PhD in International Relations
- Zhanar SANKHAEVA** – Head of the Department of Political Studies, Master of Social Sciences, Master of political science

Мұрат Насимов

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
қауымдастырылған профессоры, саяси ғылымдарының кандидаты
e-mail: nasimov_m@mail.ru
Orcid ID: 0000-0001-8209-8707
(Қызылорда, Қазақстан)*

МӘДЕНИ БІРЕГЕЙЛІК ГЕНЕЗИСІ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: ОТАНДЫҚ ҒАЛЫМДАР ТҰЖЫРЫМДАРЫ МЫСАЛЫНДА

Аңдатпа. Бұл мақалада отандық ғалымдардың тұжырымдарын ескере отырып, мәдени бірегейлік генезисі және ерекшеліктері теориялық негізде талданды. Мәдени бірегейлікті анықтаудың түрлі теориялық тәсілдері, оның қалыптасуының негізгі кезеңдері, сондай-ақ мәдени бірегейліктің қалыптасуы мен өзгеруіне саяси, тарихи және әлеуметтік-мәдени процестердің әсері айқындалды. Отандық ғалымдардың зерттеулері мысалында қазіргі қоғам ахуалында мәдени бірегейлік туралы идеялардың ерекшеліктері талданды. Мәдени бірегейлікті қалыптастырудағы этномәдени білімнің рөлін көрсете отырып, әралуандылық пен интеграцияның мәдени бірегейлікке төрт негізгі ықпалы анықталып, талқыланды. Мақалада көркемдік сана мен мәдени бірегейлік арасындағы айырмашылықтар қарастырылып, әрқайсысына тән белгілер ұсынылды. Диаспоралардың мәдени бірегейлікті сақтау қабілетіне назар аударылды. Сонымен қатар, зерттеуде діни бірегейлік, исламтану, ұлттық асхана, этникалық стереотиптер және ғылыми жүйе секілді мәдени бірегейлікке әсер ететін түрлі аспектілер қарастырылды. Scopus деректер базасында «cultural identity» кілт сөзімен индекстелген 13 ғылыми жұмыстың деректерін пайдалана отырып, мақала мәдени бірегейлікті қалыптастыруға және мәдени мұраны түсінуге әсер ететін негізгі факторларды анықтайды. Мақала қорытындысында мәдени бірегейлік ұғымына авторлық анықтама беріледі. Зерттеу мәдени бірегейліктің саясаттану, мәдениеттану және әлеуметтану аспектілерін анықтайды және оны осы салада әрі қарай зерттеу үшін пайдалануға болады.

Түйін сөздер: мәдени бірегейлік, әралуандылық, интеграция, тиесілілік, болмыс.

Мурат Насимов

**ГЕНЕЗИС И ОСОБЕННОСТИ КУЛЬТУРНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ:
НА ПРИМЕРЕ ВЫВОДОВ ОТЕЧЕСТВЕННЫХ УЧЕНЫХ**

Аннотация. В данной статье на теоретической основе проведен анализ генезиса и особенностей культурной идентичности с учетом выводов отечественных ученых. Рассмотрены различные теоретические подходы к определению культурной идентичности, основные этапы ее становления, а также влияние политических, исторических и социокультурных процессов на формирование и изменение культурной идентичности. На примере исследований отечественных ученых проанализированы особенности представлений о культурной идентичности в контексте современного общества. Выявляются и обсуждаются четыре ключевых фактора влияния разнообразия и интеграции на культурную идентичность, при этом подчеркивается роль этнокультурного образования в формировании культурной идентичности. В статье также рассматриваются различия между художественным сознанием и культурной идентичностью, предлагая характерные черты для каждого из них. Особое внимание уделяется способности диаспор сохранять культурную самобытность. Кроме того, в исследовании рассматриваются различные аспекты, влияющие на культурную идентичность, такие как религиозная идентичность, исламоведение, национальная кухня, этнические стереотипы и научная система. Используя данные 13 научных работ, индексируемых по ключевому слову «cultural identity» в базе данных Scopus, в статье определяются ключевые факторы, влияющие на формирование культурной идентичности и понимание культурного наследия. В заключении статьи дается авторское определение понятия культурной идентичности. Исследование представляет собой важный вклад в изучение политологических, культурологических и социологических аспектов культурной идентичности и может быть использована для дальнейших исследований в данной области.

Ключевые слова: культурная идентичность, разнообразие, интеграция, принадлежность, бытие.

Murat Nassimov

GENESIS AND FEATURES OF CULTURAL IDENTITY: BASED ON THE EXAMPLE OF THE FINDINGS OF DOMESTIC SCIENTISTS

Abstract. In this article, on a theoretical basis, an analysis of the genesis and features of cultural identity is carried out, taking into account the conclusions of domestic scientists. Various theoretical approaches to the definition of cultural identity, the main stages of its formation, and the influence of political, historical, and sociocultural processes on the formation and change of cultural identity are considered. Using the example of research by domestic scientists, the features of ideas about cultural identity in the context of modern society are analyzed. Four key influences of diversity and integration on cultural identity are identified and discussed, emphasizing the role of ethnocultural education in shaping cultural identity. The article also delves into the distinctions between artistic consciousness and cultural identity, proposing characteristic features

for each. A particular focus is placed on the ability of diasporas to maintain cultural identity. Additionally, the study addresses various facets influencing cultural identity, such as religious identity, Islamic studies, national cuisine, ethnic stereotypes, and the scientific system. Utilizing data from 13 scientific papers indexed by the by the keyword “cultural identity” in the Scopus database, the article identifies key factors that influence cultural identity formation and understanding of cultural heritage. The article concludes with the author’s definition of the concept of cultural identity. The study represents an important contribution to the study of political science and cultural and sociological aspects of cultural identity and can be used for further research in this area.

Keywords: *cultural identity, diversity, integration, affiliation, existence.*

Кіріспе

Мәдени бірегейлік дербес түсініктерді қабылдау, мінез-құлық және ұжымдық байланысты қалыптастыратын адамзат қоғамын түсінудің негізіне жатады [1, 1-17-бб.]. Мәдени бірегейлік топтың бірегей мұрасы мен дүниетанымын анықтайтын нанымдар, әдет-ғұрыптар, дәстүрлер, тілдер және рәміздердің күрделі желісі [2]. Мәдени бірегейлік генезисі және ерекшеліктері саяси, тарихи, психологиялық және антропологиялық салаларға тереңірек енетін көп өлшемді зерттеулерге сай жүргізіледі. Мәдени бірегейліктің күрделілігін айқындау қоғамның әралуандылық құрылымын дәйектеп қана қоймай, әлеуметтік келісім, топаралық байланыс және бірегейлікті қалыптастыру тетіктерін де белгілейді. Пәнаралық зерттеулердің саяси ғылымдардағы өзектілігіне байланысты берілген тақырыбыз да сұранысқа ие.

Мәдени бірегейлік генезисі мыңдаған жылдар бойы адамзат өркениеттерін қалыптастырған тарихи деректер, көші-қон және өзара әрекеттесулерде терең тамыр жайған [3]. Қоғам дамыған сайын мәдени бірегейлік жаулап алу, отарлау, жаһандану және технологиялық прогресс факторларына сәйкес өзгеріске ұшырап отырады. Мәдени бірегейліктің тарихи траекторияларын түсіну оның әлеуметтік-саяси күйзелістерге қарсы бейімделу сипаты мен тұрақтылығын бағалауға мүмкіндік береді.

Мәдени бірегейлік бір топты екінші топтан ерекшелейтін көптеген белгілерден танылады. Тіл, дін, тағамдар, өнер, фольклор және салт-дәстүрлер мәдени бірегейлікті айқындайтын және ұрпақтан-ұрпаққа берілетін бағыттаушы қызметін жасайды [4, 182-223-бб.]. Бұл ерекшеліктер тиесілілік белгісі ғана емес, қауымдастық мүшелері арасындағы сабақтастық пен ынтымақтастық сезімін тудырады. Осы ерекшеліктерді зерттеу мәдени алмасудың қарқындылығы, гибридтілік пен саяси тұрақтылық арасындағы түсінік береді және қоғамның мәдени әралуандылығының бейнесін ашады.

Отандық саяси ғылымдарда саяси бірегейлік [5] секілді мәдени бірегейлікті жүйелі және жан-жақты зерттеген ғылыми жұмыстар аз. Отандық ғалымдар ұлттық бірегейлік, этникалық бірегейлік, мәдени бірегейлік сынды т.б. түсініктерге көбірек мән береді. Дегенмен, осы түсініктемелер арасында нақты тұжырымдардың жоқтығы зерттеп

отырған түсініктің генезисі және ерекшеліктерін айқындауда алуан түрлі қиындықтар туғызады. Жалпы «Scopus» базасындағы «Article title, Abstract, Keywords» тетігі көмегімен «national identity», «ethnic identity», «spiritual identity», «political identity» және «cultural identity» кілт сөздерінің отандық ғалымдардың жарияланған еңбектер санын анықтауға болады (№1-кесте). Бұл отандық ғалымдардың аталмыш түсініктерге қаншалықты мән беретіндігін және осы мәселелердің зерттелу деңгейін көрсетеді.

1-кесте. «Сіз біздің университеттің логотипі бар сыйлар мен заттарды қолданасыз ба?» деген сұраққа жауаптар (%)

№	Кілт сөз	Жалпы жарияланым саны	Отандық ғалымдар жарияланымдарының саны
1	National identity	25 847	124
2	Ethnic identity	11 222	52
3	Spiritual identity	334	3
4	Political identity	3 597	1
5	Cultural identity	19 933	52

Бұл мақаланың мақсатына саясаттану, тарих, әлеуметтану, психология, антропология және мәдениеттану ғылымдарына сүйене отырып, пәнаралық байланыстар шеңберінде мәдени бірегейлік генезисі және ерекшеліктерін зерттеу жатады. Қолданыстағы ғылыми білімдер мен эмпирикалық дәлелдемелерді синтездеу түрлі контексттердегі мәдени бірегейліктің қалыптасуы, сақталуы және өзгеруінің негізінде жатқан күрделі процестерді түсіндіру міндеттерін көрсетеді. Осы талпыныс адамзаттың мәдени әралуандылығына тән күрделіліктер және оның заманауи қоғам үшін салдарын тереңірек түсінуге үлес қосатындығына үміттенеміз.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі, мақсаты мен міндеттеріне байланысты мақалада келесі сұрақтарға жауап іздейміз: (1) мәдени бірегейлікті зерттеуде қандай ерекшеліктер бар? (2) мәдени бірегейлікті зерттеуде отандық ғалымдар қандай тұжырымдар ұсынады?

Бұл зерттеу саяси ғылымдардағы жаңа ізденістерді дамытуда бірнеше маңызды теориялық және тәжірибелік серпіліс тудыруы ықтимал:

1) көпсалалы интеграция және теориялық жаңа бастамалар: мәдени бірегейлік генезисі мен ерекшеліктерін зерттеу саяси ғылымдар мен мәдениеттану тоғысындағы қазіргі заманғы саяси процестерді түсінуге жаңа теориялық көкжиектер мен әдіснамалар ұсынады. Осы идея негізінде ұлттық бірегейлік, саяси бірегейлік, мәдени-идеологиялық негіздер мен қоғамдық келісімді қалыптастыратын ортақ тетіктерді анықтауға болады;

2) отандық ғалымдар қалыптастырған тұжырымдамалар өзектілігі: қазақстандық ғалымдар ұсыныстары жаһандық, ұлттық және аймақтық деңгейдегі мәселелерді ұғындырады. Іс жүзіндегі теориялар мен

әдіснамалардың саяси ерекшеліктерін айқындау жаңа зерттеулер үшін негіз болады;

3) саяси субъектілік пен қоғамдық келісім: мәдени бірегейлік тұжырымдарының дамуы саяси субъектілік концепцияларын қайта қарауды талап етеді. Мақалада ұсынылған тұжырымдар елдің саяси мәдениеті, халықтың саяси қатысуы мен қоғамдық келісімді қалыптастырудың негізі ретінде қызмет ете алады;

4) жаңа ізденістер мен әдістер: қазіргі саясаттағы жаһандану, көші-қон, цифрлық трансформация және ақпараттық қоғам шарттарында кез келген бірегейлік түрінің өзіндік қасиеттері бар. Осы тұрғыда мақаладан алынған нәтижелер саяси бағыттағы ұлттық мәдени факторларды талдауға мүмкіндік береді. Мәдени бірегейлік пен саяси процестер арасындағы байланыстарды анықтайтын жаңа әдістерді белгілейді;

5) идеологиялық-саяси үйлесімділік: мәдени генезис ерекшеліктерін зерттеу саяси идеология құрылымы, қалыптасу тетіктері және заманауи идеологиялық коммуникацияны нақтылайды. Біздің бастама саяси ғылымдарда таныла бастаған жаңа парадигмалар мен модельдер негізін қалайды, қазіргі заманғы постмодерндік саясаттағы өзгерістер, жаһандану мен бірегейлік трансформациясын түсінуге негіз болады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысының бастапқы деректері «Scopus» базасындағы «Article title, Abstract, Keywords» тетігі көмегімен алынды. «Cultural identity» кілт сөзін талдау нәтижесінде отандық ғалымдардың 52 жарияланған зерттеулерінің бар екенін анықтадық. Осы зерттеулерді жүйелей келе, «Scopus» базасында индекстелуі тоқтатылған, конференция материалдарында жарияланған және тақырыпқа қатысы жоқ бейтарап зерттеулерді анықтадық (№2-кесте). Нәтижесінде осы зерттеуде 13 ғылыми жұмысқа мән бердік.

2-кесте. Бастапқы деректерді іріктеу процесі

I кезең - іздеу	Базадан кілт сөз бойынша анықталған зерттеулер (n = 52)	Анықталған зерттеулер бойынша пайдаланылмаған материалдар (n = 0)
II кезең – жүйелеу	Анықталған және талданған зерттеулер (n = 52)	Анықталған зерттеулер бойынша пайдаланылмаған материалдар (n = 39) «Scopus» базасында индекстелуі тоқтатылған журналдардағы зерттеулер (n = 23); конференция материалдарында жарияланған зерттеулер (n = 2); тақырыпқа қатысы жоқ бейтарап зерттеулер (n = 14)
III кезең -талдау	Зерттеуде пайдаланылған материалдар (n = 13)	Пайдаланылмаған зерттеулер (n = 39)

Бастапқы деректерді іріктеу процесінде табылған зерттеулерді талдау және мәдени бірегейлік генезисі және ерекшеліктері туралы мағыналы түсінік алу үшін синтез, индукция, дедукция және салыстырмалы талдауды қамтитын бірнеше аналитикалық әдістер қолданылды. Синтез мәдени бірегейлікке қатысты ғылыми әдебиеттердегі идеяларды үйлесімді түрде біріктірді. Әдіс түрлі зерттеулер нәтижелерін біріктіріп, мәдени бірегейлікті қалыптастыратын ортақ тақырыптар анықталды. Индукция мәдени бірегейлікке қатысты нақты бақылаулар, деректерден нақты қағидалар мен теорияларды дәйектеуге көмегін берді. Мәдени бірегейлікке қатысты нақты саяси ахуалдар мен құбылыстарды талдау оның генезисі және ерекшеліктерін түсінуге көмектесетін үрдістерді айқындады. Дедукция мәдени бірегейлікке қатысы бар теориялар, гипотезалар мен концептуалды негіздерді тексеру, растау және нақтылау үшін қолданылды. Белгілі бір жағдайларға сәйкес жүйеленген теориялар, модельдер мен қағидаларды қолдану мәдени бірегейлікті түсінудің өзектілігін бағалады. Салыстырмалы әдіс мәдениет, қоғам және мәдени бірегейлікпен байланысты уақыт кезеңдері арасындағы ұқсастықтар, айырмашылықтар және заңдылықтарды анықтады. Мәдени тәжірибелер, нанымдар, құндылықтар және сәйкестікке сай жасалған салыстырмалар мәдени бірегейлік түсіндірмелерін дәйектеді. Жоғарыда аталған аналитикалық әдістерді пайдалану мәдени бірегейлік генезисі және ерекшеліктерін талдауға сенімді және көп өлшемді көзқарасты қамтамасыз етеді. Түрлі көзқарастар, идеялар және әдістемелерді біріктіре отырып, мәдени бірегейліктің күрделі табиғатын мазмұнды және жан-жақты түсінуге, оның түрлі қоғамдағы даму көріністері туралы тұжырымдарды қалыптастыра алады.

Зерттеу нәтижелері және нәтижелерді талқылау

Қазақстанда қызмет атқарған, ЕҚЫҰ-ның Аз ұлттар жөніндегі жоғарғы комиссары К. Vollebaek [6] өз зерттеуінде әралуандылықтың интеграциямен байланыстылығына қатысты өз тұжырымдарын жасайды. Оның пайымдауынша, кейбіреулер үшін интеграция этникалық, мәдени, тілдік және діни әралуандылықты ілгерілетуді және бейімдеуді білдіреді, кейбіреулер түсінікті ассимиляцияның синонимі тұрғысында қарастырады. Осы пікіріне сәйкес, кейбір ғылыми еңбектерде интеграция мәдени айырмашылықтарды қабылдау мен бейімдеуді білдіру үшін пайдаланатындығы, өзге еңбектерде мүлдем қарама-қарсы мағынаны білдіретіндігін және айырмашылықтарды емес, жалпылықты атап көрсету үшін қолданылатындығын айтады. Жоғарғы комиссар әралуандылық мәселе емес екенін және қақтығыспен байланысты емес екенін де баяндайды. Оның пікірінше, біз тек туындайтын ахуалдар туралы естиміз, бірақ ешқашан талқыға шықпайтын бейбіт және үйлесімді өмір сүріп жатқан түрлі ұлттардың сансыз жағдайларын айтпаймыз. Мектептер, бұқаралық акпарат құралдары және мәдени алмасу беретін білім айырмашылықтарды тануға үйретеді. Әралуандылық өтпелі кезең,

қиыншылық пен экономикалық дағдарыс кезінде күрделі мәселелер туыратынын мойындау керек.

Әралуандылық пен интеграция қоғамдағы жеке және ұжымдық қабылдау, мінез-құлық және тиесілілікті қалыптастырады. Әралуандылық пен интеграция мәдени бірегейлікке қысым жасайтынын да айтқымыз келеді. Әралуандылық белгілі бір қауымдастықта түрлі мәдени, этникалық, тілдік, діни және әлеуметтік топтардың болуын көрсетсе, интеграция осы түрлі топтардың өзара әрекеттесетін, бірге өмір сүретін және әлеуметтік құрылымға үлес қосатын саяси процестерін білдіреді. Әралуандылық пен интеграция арасындағы өзара әрекеттестік мәдени бірегейліктің пайда болуы, эволюциясы және көрінісіне бірнеше жолмен ықпал жасайды:

1. Сапаландыру және гибридтеу: әралуандылық мәдени алмасудың шапшандатқышы қызметін атқарады, мәдени бірегейлік сапасын арттырады және гибридтейді. Түрлі топтармен өзара әрекеттестік азаматтардың жаңашылдығы мен креативтілігін дамытады, жаңа идеялар, тәжірибелер мен басымдықтарын мәдени болмысына сіңіреді. Интеграция осы процесті мәдениетаралық ынтымақтастық, диалог және өзара байланыстар жәрдемімен дамыған көпмәдениетті бірегейліктің пайда болуына әкеледі.

2. Мәдени біркелкілік: әралуандылық мәдени біркелкілік ұғымына қарсы тұрады, қоғамдағы бірегейліктің көптігін мойындайды. Түрлі мәдени топтар бірге өмір сүріп, өзара әрекеттесетіндіктен, біртұтас, үстем мәдениетті енгізу әрекеттеріне қарсы тұрады, мәдени айырмашылықтарды тануды қолдайды. Интеграция аясындағы теңдік пен әлеуметтік бірліктің ықпалдастығы әралуандылықты қабылдау және қоғамның барлық мүшелері арасындағы тиесілілік сезімін дамытуға мән береді.

3. Келіссөздер және бірегейлікті бейімдеу: әралуандылық шарттарында азаматтар елеулі мәдени қысымдармен кездеседі, бірегейлікке қатысты келіссөздер мен бейімделу процестерімен ұшырасады. Процесс адамның мәдени болмысының қарама-қайшы аспектілерімен келісу, түрлі мәдени орталар арасындағы шиеленістермен келіссөздер жүргізу және түрлі мәдени ортаның элементтерін қамтитын гибридті бірегейлікті қабылдайды. Интеграция мәдени алмасу, мәдениетаралық диалог және топаралық ынтымақтастықты ынталандыратын процестердің түрлі мәдени бірегейлікті қабылдау және түсінуге бейімделу процесін жеңілдетеді.

4. Әлеуметтік келісім және қақтығыстарды шешу: әралуандылық мәдениетаралық қарым-қатынас, көпмәдениетті білім мен басқару құрылымдарында эффектісі бар саясат пен бастамалардың мәдени айырмашылықтарды жеңу, әлеуметтік құрылым мен ұжымдық бірегейлікті нығайту аясында әлеуметтік келісім мен ынтымақтастықты арттырады. Интеграция түрлі мәдени топтардың тиімді әлеуметтік келісімін ілгерілету және қоғамдағы топтар арасындағы қақтығыстарды шешу үшін маңызды. Мәдениетаралық түсіністік және ынтымақтастық интеграциялық мәдени айырмашылықтардан туындайтын шиеленісті жеңілдетеді және түрлі қауымдастықтар арасындағы бейбіт өмір сүруді қалыптастырады.

Еліміздің ұлттық саясатының айқын стратегиясы саналатын полиэтникалық қоғамды шоғырландыру мәселесі зерттелген жұмыста авторлар Қазақстанда тұратын азаматтардың мәдени бірегейлігін сақтауда этномәдени білім үлкен рөл атқаратындығын баяндайды. Ғалымдар этномәдени бірегейлендіруге қол жеткізетін этномәдени білімнің негізгі міндеттері мен сипаттамаларын талдайды. Авторлар ұлттық бірлікті қамтамасыз ету демократиялық, құқықтық мемлекет қалыптастырудың түсінікті шарты деген қорытындыға келеді [7]. Бізде ғалымдар ойларымен келісе отырып, этномәдени білім саяси танымды тәрбиелеу және өзінің мәдени мұрасы үшін мақтаныш сезімін оятудағы шешуші қабілетін айтқымыз келеді. Этномәдени білім азаматтардың қоғамдағы өзге этникалық және мәдени топтармен қатар, өздерінің мәдени дәстүрлерін, тілін, әдет-ғұрыптары мен құндылықтарын терең түсінуге түрткі бола алады. Бұл тиесілілік сезімін оятып, азаматтарды өзге мәдени қауымдастықтармен байланыстарын нығайтады.

Мәдени бірегейлікке қол жеткізудің құралы саналатын этномәдени білімнің негізгі міндеттеріне мыналар жатады: мәдени хабардарлық пен бағалау: этномәдени білім қоғамдағы мәдениеттердің әралуандылығы туралы хабардарлықты арттырады және түрлі саяси тәжірибелер, нанымдар мен дүниетанымдарды түсіндіреді; мәдени мұраны сақтау: этномәдени білім дәстүрлі білім, рәсімдер мен әдет-ғұрыптардың сақталуын және өзгеріссіз берілуін қамтамасыз ететін мәдени мұраны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге бағытталады; мәдениетаралық түсіністік: өз мәдениетін зерттеу және басқа мәдениеттермен өзара әрекеттесу азаматтардың мәдениетаралық құзыреттілік пен мәдени айырмашылықтарды құрметтеу, көпмәдениетті қоғамдағы үйлесімділік пен ынтымақтастықты дамытады; бірегейлікті қалыптастыру мүмкіндіктерін кеңейту: этномәдени білім азаматтарға мәдени маргиналдану мен кемсітушілік ахуалында өзін-өзі бағалау мен тұрақтылықты арттыру жолымен олардың мәдени мұраларына негізделген әлеуетті бірегейлік сезімін дамытуға көмектеседі. Сондықтан азаматтардың мәдени мұраларға қатысты білім, дағдылар мен құндылықтарын қалыптастыратын этномәдени білімнің мәдени бірегейлікті сақтау, бейімдеу және өзгертуде беделі зор. Этномәдени білім қауымдастықтарға жаһандану, жаңғыру және мәдени біртектілеу мәселелерін шешуге көмектеседі, мәдени болмысты анықтайтын бірегей сипаттарды сақтайды. Сонымен қатар, этномәдени білім қоғамның мәдени мұраға мақтаныш сезімі мен тиесілілігін арттырады, мәдени қауымдастықтар арасындағы ынтымақтастық байланыстарын нығайтады және қоғамның мәдени түсініктерін байытады.

Трансшекаралық жоғары білім беруге маманданған кейбір білім беру орталықтары ортақ мәдени бірегейлік пен құндылықтарға назар аудару салдарынан мәдени мұра мен отаршылдық мұраны «жұмсақ күш» құралы түрінде пайдаланады [8]. Жұмсақ күш мәжбүрлеу мен күштеу емес, қоғам мүшелерін мәдени дипломатия тәсілдеріне сендіре білу қабілетін білдіреді. Ортақ мәдени мұра мен құндылықтар осы білім беру

орталықтарының дипломатиялық байланыстарын нығайтып, жаһандық беделін арттырады. Осы тұста бай мәдени мұраны көрсететін мәдени алмасу бағдарламаларын ұйымдастыру бірегейліктің кез келген түрін өзгертуге әлеуетті күші бар екенін айтқымыз келеді. Бұл бағдарламаларда тіл курстары, дәстүрлі өнер қойылымдары, тарихи жады мен аспаздық тәжірибе сынды іс-шараларды қамту жергілікті мәдениет пен мұраны түсінуге көмектеседі. Осы шарттарда мәдени мұраны сақтау мен насихаттау пайымды процесс екені күмәнсіз. Ұлттық бірегейлік пен мақтаныш сезімдерін қалыптастыру мәдени мұра нысандары мен жәдігерлерін сақтау және насихаттауға байланысты. Мәдени мұра нысандарының тарихи маңыздылығын көрсету мәдени туризм негізіндегі танымдық экскурсиялардың жаһандық аренадағы «жұмсақ күшті» көрсетуіне болады. Бітімгершілік, диалог пен әлеуметтік әділеттілікке негізделген білім беру бастамалары отаршылдық мұраны жояды. Тарихи әділетсіздіктермен күресу және көпмәдениетті білім беруді ілгерілету түрлі қауымдастықтармен татуластырады.

Қазақ қоғамының қазіргі өмір салты, таңдалған саяси және экономикалық векторлары өзіндік түсініктерді талап ететін этномәдени бірегейлік арасындағы шеңберді анықтап, азаматтардың көркемдік санасын көрсетеді [9]. Көркемдік сана мен мәдени бірегейлік арасында симбиозды қарым-қатынас орнаған секілді. Бұл мәселе контекстіне сай мәдени бірегейлік формаларын құруға да, түсіндіруге де болады. Дегенмен, көркемдік сана әлемді көркем құралдармен тану, қабылдау және түсіндіруді көздесе, мәдени бірегейлік мәдени топты анықтайтын нанымдар, әдет-ғұрыптар, дәстүрлер және құндылықтарды қамтиды. Осы екі ұғымның өзара әрекеттесуі көркем шығармалардың мазмұны, формасы және мағынасын қалыптастырады, қоғамдағы мәдени бірегейлікті құрады. Сипаттамалық белгілерін төмендегідей түсініктермен дәйектеуге болады:

1. Бейнелеу белгілері: көркемдік сана қоғамның саяси дүниетанымы, мәдени ерекшелігі, құндылықтары, ұмтылыстары мен ұжымдық тәжірибесін бейнелейді. Шығармашылық өкілдері өз мәдени мұралары, тарихи көзқарастары және әлеуметтік түсініктеріне сүйене отырып, өз қауымдастығының мәдени болмысымен сәйкес келетін туынды жасайды. Кейде отандық киноиндустрияда табыс табуға көзделген «жеңіл» фильмдер көбейіп кетті деп ренжиміз, бірақ бұл қоғам сұранысы екенін ұмытпау қажет.

2. Жаңашылдық пен гибридтілік: көркемдік сана инновация мен гибридтіліктің шапшаңдатқышы саналғандықтан түрлі мәдени дәстүрлер арасындағы мәдени бірегейлік эволюциясына қозғау сала алады. Шығармашылық өкілдері саяси шынайылық пен тазалықтың дәстүрлі түсініктеріне қарсы тұратын жаңа туынды жасау үшін түрлі мәдени көздерден шабыт ала отырып, шығармашылық эксперименттер, синтез және интерпретациялауға қатысады. Мәдени гибридтіліктің осы

процесі қазіргі көпмәдениетті қоғам күрделілігін көрсететін жаңа мәдени формалар мен бірегейліктің пайда болуына әкеледі.

3. Мәдени жады мен мұра: көркемдік сана мәдени жады мен мұраны сақтау, білім, тарих пен дәстүрді ұрпақтан ұрпаққа жеткізудегі орны ерекше. Көркем шығармалар уақыт өте келе мәдени бірегейліктің сабақтастығы мен өміршеңдігін мәңгілікке айналдырады.

4. Бірегейлікті қалыптастыру мен таныту: көркемдік сана азаматтардың мәдени ерекшеліктерін танытады. Шығармашылық өкілдері өз туындыларынан мәдени байланыстың жеке және ұжымдық тәжірибесін білдіретін қоғамда қалыптасқан көзқарастарды нақтылайды. Өнер азаматтардың дербес ерік-жігерін бекітеді, мәдени бірегейлікті құруға бағытталған құқығын қорғайды. Мәселен, отандық әзіл-сықақ театрлары қоғам көңілінен шығатын мәселелерді сахналауға мән береді.

Батыс Моңғолия территориясында өмір сүретін қазақтардың этникалық бірегейлігі зерттелген еңбекте бірлескен этностық диаспора ғана бірегейлікті сақтауда қабілетті екендігі дәйектеледі. Диаспорадағы мәдени бірегейлікті қалыптастырудың түрлі шарттары мен тетіктері оның құрылымындағы басым элементтер айырмашылықтарын алдын ала анықтайды. Сонымен қатар, авторлар дәстүрлі материалдық мәдениет нысандары, этникалық, рулық және діни бірегейлік ұстанымдары мәдени бірегейлікті сақтау процесіне ықпал етеді деген қорытындыға келеді [10]. Біз бұл мәселені де тұжырымдағымыз келеді. Біріншіден, дәстүрлі материалдық мәдениет нысандары этникалық белгілер санатына жатады. Көне жәдігерлер, ұлттық киім, сәулет және қолөнер туындылары мәдени бірегейліктің қызметін атқарады. Бұл нысандар этникалық, рулық және діни топтың қайталанбас мұрасын, құндылықтары мен дәстүрлерін білдіретін мәдени мағынаға ие. Екіншіден, қоғамдық кеңістікте этникалық, рулық және діни бірегейлікті белгілеу мәселенің мәнін ашады. Қоғамдық кеңістікте этникалық, рулық және діни бірегейлікті көпшілік алдында көрсетудің мәдени бірегейліктің ұжымдық түсініктерін қалыптастырудағы шешуші қызметі жоғары деп білеміз. Үшіншіден, мәдени бірегейлікті сақтауға үлес қосу түсінікті әрекет. Дәстүрлі материалдық мәдениет нысандарымен өзара әрекеттестік этникалық, рулық және діни бірегейлікті қоғамдық кеңістікте көрсететін мәдени бірегейлікті сақтау процесіне араласады. Өз мәдени мұрасын құрметтеу қауымдастықтардың мәдени ассимиляция, жаһандану және әлеуметтік өзгерістер шарттарындағы болмысын көрсетеді.

Е.А. Ефремовтың [11] диаспоралық және этникалық бірегейлікке қатысты пікірлері қызығушылық тудырады. Оның пікірінше, диаспора өкілдері этникалық көпшілікке қатысты өздерінің этномәдени бірегейлігі мен «бөтендігін» сақтауға тырысады. Ал жаңа әлеуметтік-мәдени ахуалдарға бейімделу диаспоралардың әлеуметтену және Қазақстан Республикасының азаматтық бірегейлігін қалыптастырудың даму процесін анықтайды. Расында да, кез келген диаспора өкілдері этникалық көпшілікке қатысты «бөтендік» сезімін сақтап, өздерінің этникалық және

мәдени бірегейлігін сақтауға ұмтылады. Бұл өз қауымдастығы ішінде тілі, дәстүрлері мен діни әдет-ғұрыптарын сақтаумен тығыз байланысты. Әр диаспора өзге елде тұратынына қарамастан, өз мұраларымен байланыста болады, ата-баба тамырына тиесілілік пен сабақтастық сезімін жалғастырады. Екінші жағынан, диаспоралардың өзге елде ұзақ уақыт тұруы және олардың жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайларға бейімделуі әлеуметтену мен азаматтық бірегейліктің қалыптасуына әкеледі. Мәселен, елімізде тұратын өзге ұлт өкілдері қазақ мәдениеті, тілі мен азаматтық құндылықтары аспектілерін өздерінің болмысына біріктіреді. Осы бейімделу процесіне білім беру, жұмыс орны, көршілер, этносаралық қатынастар және қоғамдық өмірге қатысу жатады.

Отандық ғалымдар исламтануды заманауи адамның мәдени бірегейлігі және діни мәдениет пен дәстүрлерге көзқарасын қалыптастыратын ислам мен батыс әлемі арасындағы диалог шеңберінде қарастырады [12]. Исламтанудың саясаттану, тарих, теология, философия, әдебиет, өнер және әлеуметтануды қамтитын пәнаралық салада ислам және батыс өркениеттері арасындағы өзара әрекеттесулер мен алмасуларды зерттеуде басымдық жетерлік. Мәдениетаралық алмасулар, шиеленістер мен ынтымақтастықтар траекторияларын бақылайтын осы ғылым саласы екі қоғамның мәдени бірегейлігін қалыптастырған идеялар, құндылықтар және дүниетанымын тереңірек түсіндіреді. Исламтану діни плюрализм, зайырлылық, жаһандану және мультикультурализмді қоса алғанда, мәдени бірегейліктің орталық бөлігін құрайтын заманауи мәселелер мен пікірталастармен де айналысады. Осы мәселелерді сыни тұрғыдан талдай отырып, исламтану әлемдегі саясат, сенім, мәдениет және қоғамның тоғысуы туралы диалог құрады. Диалог пен мәдениетаралық өзара әрекеттестік исламтанудағы түсіністік пен түрлі діни мәдениет және дәстүрлерді бағалайды. Ислам мен батыс әлемі өркениетінің бай мұраларын зерделеу әр қоғамның күрделілігі мен алуан түрлілігі туралы түсінік береді, стереотиптер мен қате пікірлерден арылып, өзара құрмет пен ынтымақтастықты қалыптастырады.

Ұлттық асхана мен тағамдар халықтардың мәдени бірегейлігінде өзіндік орны бар [13]. Тағамдар тек күнкөріс үшін ғана емес, тарих, география, климат, ауыл шаруашылығы, дәстүрлер мен құндылықтардың көрінісі. Ұлттық тағамдардың саяси құндылығы мына себептермен байланысты: мәдени мұра: ұлттық тағамдардың тарихи және мәдени мәні зор. Ұлттық тағамдардың пайда болуы ертеден келе жатқан салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптардан бастау алады, өткенге дәнекер және болашақ ұрпақ үшін мәдени мұраны сақтау құралы қызметін атқарады; бірегейлік сезімі: тағам жеке және ұжымдық бірегейлікті дамытады. Адамдар белгілі бір тағамды өз Отанымен, отбасымен және қауымдастығымен байланыстырады; әлеуметтік-саяси келісім: бірге ас ішу әлеуметтік-саяси өзара әрекеттесу, байланыс пен бірліктің әмбебап тәжірибесі саналады. Бұл қоғамдық байланыстарды нығайтады және азаматтар арасындағы ынтымақтастық сезімін оятады; аспаздық әралуандылық: ұлттық тағамдар әр аймақ

пен елге тән ингредиенттер, дәмдер және дайындау әдістерінің алуан түрлілігін көрсетеді. Ұлттық тағамдар жергілікті өнімдердің байлығы, аспаздық дәстүрлер және мәдени алмасуларды көрсетеді, ұлттың аспаздық мұрасының жасампаздығы мен тапқырлығын танытады; туризм және саяси-мәдени дипломатия: ұлттық тағамдар туристерді тартуда және әлемдік аренада мәдени алмасуды ілгерілетуге үлес қосады. Қонақтар жергілікті мәдениет пен дәстүрге ену үшін шынайы аспаздық тәжірибені іздейді.

Этникалық стереотиптер қоғам, мәдениет және ұлтты мәдени тұрғыдан анықтаудың белгісі. Этникалық топтың кешенді дүниетанымы стереотиптердің қалыптасуына бейім және оны талдау этностың мәдени бірегейлігі мен ерекшеліктерін анықтайды [14]. Біздің ойымызша, этникалық стереотиптер этникалық топтың тарихи, әлеуметтік және мәдени күрделі дүниетанымын туындатады. Этникалық стереотиптердің қалыптасуын түсіне отырып біз мәдени бірегейліктің генезисі және ерекшеліктерін біле аламыз. Мәселен, тарихи оқиғалар, тәжірибелер және өзара әрекеттестік қоғамның мәдени бірегейлігін қалыптастыруымен қатар, этникалық стереотиптерді дамытады. Әлеуметтік құрылымдар, саяси институттар мен нормалар мәдени бірегейлікті қалыптастыруда және этникалық стереотиптерді дамытуда ауқымды рөлі бар. Отбасы, қауымдастық және білім беру жүйелеріндегі саяси әлеуметтену процестері стереотиптерді белгілейтін мәдени құндылықтар, нанымдар және тәжірибелерді күшейтеді. Тіл, әдебиет, өнер, дін және дәстүрден туындайтын мәдени көріністер де мәдени бірегейліктің негізгі құрамдас бөліктері. Осы мәдени көріністер топтың саяси құндылықтары, нанымдары және дүниетанымын көрсетіп, стереотиптердің қалыптасуына әкелетін қате түсіндірмелер көмегімен бұрмалануы мүмкін.

С.Қ. Жетпісбаев [15] зерттеуінің қорытындысында әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер қоғамдық құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін және қазақ халқының ұлттық бірлігі мен мәдени бірегейлігінің негізінде жатқан әлеуметтік тетік екендігі баяндалады. Бұл көзқарас мәдени бірегейлік генезисі және ерекшеліктеріне қатысты пікірталастарға сәйкес келеді. Саяси-мәдени тәжірибелер мен дәстүрлер ұжымдық бірегейлікті қалыптастырудағы және қауымдастыққа тиесілілік сезімін дамытудағы ұтқырлығын да көрсетеді. Біріншіден, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер ұрпақтан ұрпаққа әлеуметтік құндылықтар, наным-сенімдер және нормаларды жеткізудің әлеуетті құралы. Құндылықтардың осы сабақтастығы мәдени бірегейлікті қалыптастыру мен сақтау, тұрақтылығы мен өзгермелі әлеуметтік-мәдени контексттердегі өзектілігін бейнелейді. Екіншіден, ортақ салт-дәстүрді ұстану қазақ халқының аймақтық, тілдік және әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкес бірлік пен ынтымақтастық сезімін оятады. Мәдени мұраны қалыптастырудағы саяси қатысу қоғамдағы бірлік пен келісім саласындағы мәдени бірегейліктің ұлттық беріктігі мен тұрақтылығын жүйелендіреді. Үшіншіден, салт-дәстүрлер кез келген халықтың мәдени бірегейлігінің негізін құрайды, сабақтастық пен

тиесілілікке кепілдік береді. Мәдени элементтер кез келген ұлттың кім екенін, қайдан шыққанын және қандай құндылықтарды қадір тұтатынын анықтайды. Өзінің мәдени мұрасын сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін халық өзінің ерекше бірегейлігін әлемдік қауымдастық алдында мойындата алады.

Қарқынды әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді бастан өткеріп жатқан Қазақстанның нақты жағдайында ғылыми жүйе мәдени бірегейліктің түрлі аспектілерінің дамуына да үлес қосады [16]. Мәдени бірегейліктің генезисі және ерешеліктері аясында айтылған мәселені талдау қазақ қоғамындағы мәдениет, ғылым және дамудың күрделі өзара әрекеттестігі туралы түсінік береді:

1. Мәдени бірегейлік ғылымды қозғаушы күш: Қазақстанда мәдени бірегейліктің пайда болуы елдің бай саяси тарихы, дәстүрлері және көшпелілер мұрасымен тамырлас. Мәдени бірегейлік ғылыми ізденістер үшін түрткі саналатындықтан зерттеу бағдарламаларын, әдістемелерін және басымдықтарын қалыптастырады. Ғалымдар өздерінің мәдени мұралары мен жергілікті білім жүйелерін өзекті саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу үшін пайдаланады.

2. Мәдени әралуандылық пен пәнаралық байланыс: Қазақстанның мәдени бірегейлігі оның этникалық әралуандылығымен сипатталады: елімізде қазақтар, орыстар, өзбектер, украиндар және басқа да этникалық топтар қатар өмір сүреді. Осы әралуандылық пәнаралық байланыс пен түрлі ортадағы зерттеушілер арасындағы мәдениетаралық алмасуды жүзеге асырады. Мәдени әралуандылықты қабылдаған еліміз саяси ынтымақтастық пен креативтілікке негізделген белсенді ғылыми жүйені дамытады.

3. Мәдени бейімделу мен технологиялық инновациялар: Қазақстанның қарқынды саяси реформалары мен әлеуметтік-экономикалық өзгерістері барысындағы мәдени бірегейлігі жаңғыру, жаһандану және технологиялық прогреске жауап түрінде дамып келеді. Қоғамдық-гуманитарлық, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, энергетика және ақпараттық технология салаларындағы мәдени бірегейлік еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму траекториясын қалыптастыратын инновациялардың, қарапайым заттар туралы ғылымның шапшаңдатқышы қызметін атқарады.

Отандық ғалымдар соңғы жылдары зерттеушілердің посткеңестік кеңістікте адамның жеке басын, оның рухани дүниетанымын және әлеуметтік-мәдени, саяси бірегейлігін қалыптастырудағы исламның орны туралы мәселені көбірек көтеретіндігін жазады [17]. Мәдени бірегейлік генезисі және ерекшеліктері посткеңестік контекстің кеңестік атеизм мұрасы, саяси өзгерістер мен мәдени трансформацияларды ескеріп, исламдық бірегейлікті көрсету және дамыту үшін қиындықтар ұсынады. Посткеңестік кеңістіктегі исламдық бірегейліктің генезисіне тарихи мұралар мен мәдени жаңғырудың әлеуетті әсері мол. Діни әдет-ғұрыптар шектелген және басылып отырған Кеңес өкіметі басқаруынан кейін мәдени мұра, рухани жетекшілік және әлеуметтік

ынтымақтастықтың қайнар көзі исламға қызығушылықты қайта дамытты. Бұл жаңғыру ата-баба тамырымен қайта қосылу, мәдени бірегейлікті қалпына келтіру және тарихи қуғын-сүргін жағдайында діни еркіндікке қол жеткізуге ұмтылысты көрсетеді. Посткеңестік кеңістікте исламның мәдени бірегейлікті қалыптастыруға ықпалының күшеюіне қарамастан, ислам ілімдері мен жергілікті әдет-ғұрыптар, дәстүрлер мен заңдардың өзара әрекеттесуінен туындайтын мәселелер мен шиеленістер де бар. Азаматтар қазіргі заманның, жаһанданудың және мәдени плюрализмнің күрделілігін жеңсе де, бірегейлік, саяси қатысу, тиесілілік және интеграция мәселелерімен бетпе-бет келеді. Діни ұстанымдар мен әлеуметтік нормалар, жеке ұмтылыстар мен мәдени мұраны теңестіру бейімделу, диалог және қазіргі әлемдегі исламдық бірегейлікті қалыптастыратын түрлі элементтерді терең түсінуді талап етеді.

А. Укенов [18] зерттеуінің нәтижелері көрсеткендей, хиджабтың секуляризация жағдайындағы түрлі түсіндірмелері мен пікірлері даулы мәселе болып қала береді. Әлеуметтанулық зерттеулер көрсеткендей, кейбіреулер хиджабты діни және мәдени бірегейліктің символы деп мәлімдесе, басқалары зайырлы құндылықтарға қарсы және интеграцияға кедергі келтіретін қадамға ұқсатады. Бұл мәселені мәдени бірегейлік генезисі мен ерекшеліктері шеңберінде талдау хиджабқа қатысты түрлі түсіндірмелер мен пікірлер ұсынуымызға мүмкіндік береді:

1. Діни және мәдени бірегейлік: кейде хиджаб дінге берілгендік, рухани байланыс пен діни мұраның символы тұрғысында қызмет ететіндігін туралы айтылады. Қарапайымдылық, тақуалық және діни ілімдерді ұстануды білдіретін исламдық бірегейліктің құрамдасы да қарастырылады. Осы пікірлерге сәйкес, хиджаб жай ғана киім емес, діндарлар арасында тиесілілік, сабақтастық пен қауымдастық сезімін қалыптастыратын мәдени бірегейліктің елеулі аспектісі секілді.

2. Зайырлы құндылықтар мен саяси интеграция: дін мен мемлекеттің бөлінуіне назар аударатын зайырлы қоғамда хиджаб зайырлы саяси құндылықтар, гендерлік теңдік және әлеуметтік келісімге қарсылық форматында қабылданады. Сыншылар хиджаб патриархалдық нормаларды нығайтады, әйелдердің бостандығы мен дербестігін шектейді және зайырлы қоғамға интеграциялануға жол бермейді деп санайды.

3. Түсіндірмелер мен пікірлердің әртүрлілігі: хиджабтың қайшылықты сипаты мәдени бірегейлік, діни сенім бостандығы және жеке адамның құқықтарына қатысты қоғамдағы түсіндірмелер мен пікірлердің әртүрлілігін көрсетеді. Кейбір адамдар діни көзқарас пен мәдениетті сақтау құқығын жақтаса, басқалары зайырлылық, гендерлік теңдік пен қоғамдық келісімді бірінші орынға қояды.

4. Диалог және түсіністік: хиджаб мәселесін шешу үшін түрлі көзқарастары мен тәжірибесі бар азаматтар арасында ашық диалог, өзара құрмет пен түсіністік қажет. Хиджабтың мәдени, діни және тарихи маңыздылығы туралы сындарлы диалог пен білім қоғамдағы жанашырлық, төзімділік пен әралуандылықты қалыптастырады.

Мәселенің күрделілігін мойындап және түрлі көзқарастарды қабылдай отырып, қоғам хиджабқа қатысты мәселелерді жеке адамның құқықтарын құрметтейтін, қоғамдық келісімді қолдайтын және мәдени әралуандылықты бағалайтын жолмен шеше алады.

Зерттеу нәтижелерін талқылау барысында зерттеуде пайдаланылған материалдардың мазмұнын негізге ала отырып, өз көзқарастарымыз бен тұжырымдарымызды білдірдік. Отандық ғалымдардың халықаралық деңгейдегі зерттеулері пәнаралық сипатқа ие. Сапалық және сандық әдістерге сүйенген ғалымдар көбінесе сипаттамалық және салыстырмалы тәсілдерге көбірек сүйенген. Сонымен қатар, әлеуметтік конструктивизм, тарихнамалық, герменевтикалық және феноменологиялық редукция әдістеріне көңіл бөледі. Аталмыш әдістер арқылы алынған нәтижелер мәселе бойынша саяси ғылымдардың дамуына ықпал ететіні анық. Қолданылған әдіс-тәсілдер зерттеуіміздің сенімділігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді және саяси ғылымдардың дамуына жаңаша үлгілер мен тұжырымдар енгізуге ұйытқы бола алады.

Қорытынды

Осы ғылыми зерттеу аясында объективтілік, салыстырмалы талдау әдістері қолданылды, олардың негізінде объективтілік пен бейтарап көзқарасты сақтай отырып, Парламенттің қалыптасуына, дамуына және қызметіне байланысты фактілер мен оқиғалар зерттелді. Тарихи процестерді терең зерттеу үшін архивтік материалдар, іс жүргізу құжаттамасы, отырыстардың хаттамалары, Парламент жұмысына қатысты стенографиялық жазбалар пайдаланылды, оларды зерделеу және ғылыми айналымға енгізу үшін деректанулық талдау әдістері пайдаланылды, олардың контекстінде архивтік материалдар жүйеленді, жан-жақты зерделенді және олардың дұрыстығы мен біздің зерттеуіміз үшін маңыздылығын айқындау мақсатында сыни талдау жасалды. Тәуелсіздік кезеңінде парламенттің қалыптасуы мен қызметін көрсететін ҚР Президенті Архивінің, Ұлттық архивтің қорларынан құжаттар мен материалдар пайдаланылды. Салыстырмалы түрде бірнеше пәнаралық әдістер де қолданылды.

Зерттеу нәтижелері.

Осы аталған зерттеулердің барлығы саяси ғылымда теориялық базаны кеңейтуге ықпал еткенімен, әлі де еліміздің екі Палаталы Парламенті мәселелері бірнеше зерттеулермен біте қоймайды. Өйткені, заманға сай заманауи зерттеулер әрқашан елдің дамуына қарқын беретіні сөзсіз. Сонымен қатар кәсіби Парламенттің Қазақстанның саяси-әлеуметтік жаңаруындағы рөлі туралы арнайы еңбектер жоқ және бұл мәселе төңірегінде түбегейлі зерттеулер ғылыми негізделмеген. Сондықтан толыққанды ақпарат негізінде бүгінгі Парламенттің пәрменділігі мен саяси-әлеуметтік жаңаруға ықпалы тұрғысында кешенді түрде зерттеу қажеттігі туындап отыр.

Зерттеу мәселесінің өзектілігі - еліміздегі заманауи Парламенттің конституциялық-құқықтық институт ретінде қалыптасуы азаматтардың негізгі саяси құқықтары жүйесінде орталық орын алатынында. Осы институттың арқасында азаматтар тікелей немесе өз өкілдері арқылы мемлекеттік немесе қоғамдық істерді басқаруға қатыса алады, бұл демократияның маңызды көрінісі болып табылады. Сондықтан Қазақстанда 1991 жылдан бастап, яғни ел тәуелсіздік алғаннан бері Парламент депутаттарын сайлау туралы заңнаманы жетілдіру мәселесіне бірнеше рет жүгінген, өйткені ең демократиялық сайлау жүйесінің өзі қоғамдағы саяси процестерден қалыс қалмау үшін әрдайым жетілдіруді қажет етеді.

Елімізде 1994-1995 жылдар кезеңі қазақстандық парламентаризмнің қалыптасу тарихында аса маңызды болып табылады. Н.Ә.Назарбаев айтқандай, 1994 жылдың сәуірінен 1995 жылдың наурызына дейін жұмыс істеген он үшінші сайланған Жоғарғы Кеңес депутаттар тұрақты негізде жұмыс істеген Қазақстанның алғашқы кәсіби Парламенті болды. «Бізде көппартиялық негізде сайлау өткізу тәжірибесін жинап қана қоймай, Үкіметпен бір режимде тұрақты негізде жұмыс істейтін кәсіби Парламент құрылды» [31].

Алайда он үшінші шақырылған Жоғарғы Кеңестің тағдыры өте драмалық болып шықты. Ол билік тармақтарын бөлу тетігі қисынды аяқталғанға дейін жеткізілмеген, тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесі нақты мазмұнмен толтырылмаған, Жоғарғы Кеңестің, Президент пен Үкіметтің мәртебесі толық анықталмаған мемлекеттік құрылыстың неғұрлым күрделі кезеңінде құқықтарға ие болды.

Сонымен қатар, он үшінші шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес Қазақстанда парламентаризмді одан әрі дамытуға алғышарттар жасағанын мойындау керек. Жоғарғы Кеңестің он үшінші шақырылымының төрағасы Ә.Кекілбаев айтқандай: «Кәсіби Парламенттің құрылуын осы жылдың қоғамдық-саяси өміріндегі ең ірі оқиға деуге болады. Оның жұмысының басталуы қазақстандық тарихи күнтізбеге жаңа мемлекеттілік пен демократияның қалыптасуындағы елеулі кезеңдердің бірі ретінде енетіні сөзсіз... Бізде ешқашан кәсіби Парламент болмаған, сондықтан біз сынамалар мен қателіктер әдісімен әрекет етуге мәжбүр боламыз... Жаңа мәртебеге ие болған Жоғарғы Кеңестің өкілеттіктері біртіндеп шыңдалуда» [32, 163].

Он үшінші шақырылымның Жоғарғы Кеңесі бір жылдан аз жұмыс істегеннен кейін заңсыз деп танылды, себебі Конституциялық сот депутаттар сайлауы өткізілген сайлау заңнамасының кейбір нормаларын Негізгі Заңға сәйкес келмейді деп таныды [33].

Қазақстандық парламентаризмнің жаңа кезеңі 1995 жылы қос палаталы Парламенттің қалыптасуымен басталды. Парламенттің бірінші шақырылымындағы Сенат пен Мәжілістің сайлауы 1995 жылдың 9 желтоқсанында өтті. Сенатқа Қазақстан Республикасының 19 облысынан және астанасынан екі адамнан 40 депутат сайланды. Сенаттың жеті депутатын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындады. Барлық депутаттар жоғары білімді дипломды мамандар болып шықты, олардың 10-ы заңгерлер, 10-ы экономистер, 9-ы инженерлер, 8-і ауыл шаруашылығы мамандары. Депутаттық корпусстың құрамында 4 ғылым докторы, 11 ғылым кандидаты жұмыс істеді. Көптеген депутаттар бұрын заң шығарушы органдарға сайланған, олардың ішінде кәсіби заң шығарушылық қызмет тәжірибесі бар Қазақ КСР, КСРО халық депутаттары, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он екінші және он үшінші шақырылымдарының депутаттары. 1996 жылғы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша бірінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының бірінші отырысында Сенат төрағасы болып Өмірбек Байгелді сайланды.

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне 67 депутат сайланды. Сайлау нәтижесі бойынша Мәжілісте 58 депутат ер азаматтар, 9 депутат әйелдер болды. Палата депутаттарының барлығы жоғары білімді, оның ішінде 7 ғылым докторы, 10 ғылым кандидаты болды. 1996 жылғы 30 қаңтарда бірінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің бірінші отырысында Мәжіліс Төрағасы болып Марат Оспанов сайланды [32, 163].

Енді, ҚР Парламенті Мәжілісінің сайлау компанияларына барлық

шақырылымдар бойынша қысқаша шолу жасаймыз (біріншіден бастап, соңғысы – сегізіншіге дейін) [34]:

Бірінші шақырылым: ҚР Парламенті Мәжілісінің алғашқы сайлауы 1995 жылдың 9 желтоқсанында өтті. Тек өз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана еліміз Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдады, парламентті заң шығарушы функцияларды жүзеге асыратын жоғары өкілетті орган ретінде айқындады. Мажоритарлық жүйе негізінде 67 депутат сайланды, ал Мәжілісте жалғыз ғана партия - Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен «Отан» республикалық саяси партиясы орын алды.

Екінші шақырылым: 1999 жылдың күзінде енгізілген конституциялық өзгерістерге сәйкес, Орталық Азия аймағында алғаш рет аралас сызба бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне сайлау өтті, ол саяси партияларға партиялық тізімдер бойынша пропорционалдық өкілдік негізінде парламентке сайлануға мүмкіндік берді. Сайлауға 10 саяси партия қатысты. Мажоритарлық бір мандатты округтерде 547 үміткер тіркелді. Жалпы, сайлау барысында Қазақстан үшін теңдесі жоқ үміткерлер саны бір орынға орта есеппен сегіз адам болды.

Парламент Мәжілісі сайлауының қорытындысы бойынша бір мандатты округтер бойынша 67 депутат және бірыңғай жалпыұлттық округ бойынша партиялардан 10 депутат сайланды. Олар жеті проценттік межеден өткен төрт партиядан - «Отан» республикалық саяси партиясынан, Қазақстанның Азаматтық партиясынан, Қазақстанның Аграрлық партиясынан және Қазақстан коммунистік партиясынан (2004 жылы ғана мемлекеттік тіркеуден өткен Коммунистік халықтық партиямен шатастырмау керек, ол қазір Қазақстанның Халық партиясы деп аталады) сайланды.

Депутаттық көпшілікке «Отан» республикалық саяси партиясы ие болды, ол Парламент Мәжілісінде 27 орын алды.

Үшінші шақырылым: Үшінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің сайлауы 2004 жылғы қыркүйекте өтті. Сайлауға 12 саяси партия қатысып, оның 4-і екі сайлау блогының құрамында болды. Парламент Мәжілісі сайлауының нәтижесінде 77 депутат сайланды.

10 депутат партиялық тізімдер негізінде пропорционалды өкілдік жүйесі бойынша және бірыңғай жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша сайланды. Олардың ішінде: «Отан» республикалық саяси партиясынан 7 депутат, «Асар» республикалық партиясынан, «Ақ жол» демократиялық партиясынан және «АИСТ» сайлау блогынан (Қазақстанның Аграрлық және Азаматтық партияларынан) бір-бірден.

2004 жылғы Қазақстан Парламенті Мәжілісінің сайлауында Қазақстанның Аграрлық партиясы Қазақстанның Азаматтық партиясымен «АИСТ» (Еңбекшілердің аграрлық-индустриалдық одағы) атты блок құрды. Сайлау қорытындысы бойынша блок 7,07% жинады, партиялық тізім бойынша үшінші шақырылған Мәжіліске депутат болып Ромин Мадиев сайланды.

«Асар» республикалық партиясы 2003 жылдың 25 қазанында құрылған.

Мәжіліс сайлауының қорытындысы бойынша ол партиялық тізім бойынша 541 239 (11,38%) дауыс жинады, нәтижесінде осы партияның жетекшісі Дариға Назарбаева депутат болып сайланды.

«Ақ жол» демократиялық партиясы «Қазақстанның демократиялық таңдауы» қоғамдық бірлестігінің негізінде құрылды. 2004 жылы 3 сәуірде партия ҚР Әділет министрлігінде тіркелді. Парламент Мәжілісінің сайлауында партия 12,04% дауыс алды, партиялық тізім бойынша Азат Перуашев депутат болып сайланды.

Төртінші шақырылым: Төртінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің сайлауы Конституцияға 2007 жылғы мамырда енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 2007 жылғы тамызда өтті. Жаңартылған Конституцияға сәйкес Мәжіліс 107 депутаттан тұрды. Бірыңғай жалпыұлттық сайлау округі бойынша дауыс беру кезінде жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде 98 депутат партиялық тізім бойынша сайланды.

2007 жылғы 18 тамызда жеті саяси партия қатысқан сайлауда жеті пайыздық межені тек «Нұр Отан» Республикалық халықтық-демократиялық партиясы ғана еңсерді, ол Парламент Мәжілісінде 98 орын алды. Қазақстан халқы Ассамблеясы 9 депутат сайлады.

Бесінші шақырылым: Бесінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жаңа құрамы 2012 жылдың қаңтарында құрылды. Сайлауға жеті саяси партия қатысты, олардың үшеуі қорытынды нәтижелер бойынша 7% -тен астам дауыс жинап, Парламент Мәжілісіне өтті: «Нұр Отан» партиясы (80,99%), «Ақ жол» Демократиялық партиясы (7,47%), Қазақстанның Коммунистік халықтық партиясы (7,19%). «Нұр Отан» партиясынан Парламент Мәжілісінде 83 депутат, «Ақ жол» партиясынан 8 депутат, ҚКХП-нан 7 депутат жұмыс істеді. Мәжіліс құрамында барлығы 107 депутат болды.

Алтыншы шақырылым: ҚР Орталық сайлау комиссиясы 2016 жылғы 20 наурыздағы кезектен тыс сайлау нәтижесінде партиялық тізімдер бойынша құрылған Парламент Мәжілісінің жаңа шақырылымының 107 депутатын тіркеді. Партиялық тізім бойынша «Нұр Отан» партиясынан 84 депутат, «Ақ жол» демократиялық партиясынан 7 депутат, Қазақстан Коммунистік Халық партиясынан 7 депутат, Қазақстан халқы Ассамблеясынан 9 депутат сайланды. Бекітілген тізімдерге сәйкес, VI шақырылған Мәжілісте «Нұр Отанның» V шақырылымдағы 33 депутаты, сондай-ақ Мәжілісте ертеректе жұмыс істеген бірқатар белгілі саяси қайраткерлер, сондай-ақ жоғары кәсіби экономистер, заңгерлер және саяси-логистер орын алды.

Жетінші шақырылым: 2021 жылғы 10 қаңтарда өткен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау қорытындысы бойынша VII шақырылған парламенттің төменгі палатасына үш саяси партияның депутаттары өтті: «Нұр Отан» (76 депутат), «Ақ жол» Қазақстан Демократиялық партиясы (12 депутат), Қазақстан Халық партиясы (10 депутат). Тоғыз депутат 2021 жылдың 11 қаңтарында Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланды.

Сегізінші шақырылым: 2023 жылғы 19 наурызда өткен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауының қорытындысы бойынша VIII шақырылған Парламент Мәжілісіне партиялық тізімдер бойынша алты саяси партияның депутаттары өтті: «Аманат» (40 депутат), «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы (8 депутат), «Respublica» партиясы (6 депутат), «Ақ жол» демократиялық партиясы (6 депутат), Қазақстан Халық партиясы (5 депутат), Жалпыұлттық социал-демократиялық партия (4 депутат). Бір мандатты округтер бойынша 29 депутат сайланды, оның 22-сін «Аманат» партиясы ұсынды, ал 7 депутат өзін-өзі ұсыну тәртібімен сайланды. Мәжілісте алғаш рет «Ауыл», «Respublica» және ЖСДП партияларының депутаттары орын алды [34].

Мәжілістің бірінші спикері М. Оспановтың айтуынша: «Бүгінгі таңда парламентаризм аяқталған формаларға ие болды және азаматтық қоғамда тұрақты қозғалысты қамтамасыз ете алады деп айтуға болмайды. Бұл кезеңде парламентаризмнің даму тетіктерін қалыптастыру туралы ғана айтуға болады. Алайда, жұмыстың практикалық мазмұны және либералды-демократиялық идеалдарға қарай жылжу ұзақ жол болып табылады және көптеген басқа ілеспе объективті және субъективті даму факторларына байланысты» [35].

Дегенмен, тәуелсіздік жылдары Парламент институтының қалыптасуына елімізде заманауи талаптарға сай орныққан оңтайлы сайдау жүйесі өзінің оң әсерін тигізді деп айтуға болады.

Қазақстан Республикасында сайлау құқығы қалыптасу мен дамудың белгілі бір кезеңдерінен өтті, қолданыстағы заңнамаға енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулардың призмасы арқылы қарап, бүгінгі таңда заңнаманы жетілдіру жалғасып жатқанын атап өту қажет. Саяси ғылымда сайлау жүйелерінің: «мажоритарлық, пропорционалды, аралас» деген 3 түрі бар, бірақ әлі күнге дейін әлемнің ең дамыған елдерінің өзінде қандай сайлау жүйесі неғұрлым әділ екендігі, оның электораттың мүдделері мен көңіл-күйін барынша толық ескеретіні туралы бірыңғай пікір қалыптаспаған. Олардың әрқайсысының өзіндік қасиеттері мен кемшіліктері бар. Сондықтан әртүрлі елдерде жергілікті жағдайларды ескере отырып, заңнамалық және жергілікті өкілді органдардың депутаттарын сайлаудың мажоритарлық, не пропорционалды, не аралас нысанын пайдаланады.

90-шы жылдары Қазақстанда мажоритарлық сайлау жүйесі жұмыс істеді. 1990 жылы Қазақстанның Жоғарғы кеңесінде 360 депутат болды, 1995 жылы депутаттардың саны 67-ге дейін қысқарды. 1999-2007 жылдары Қазақстанда аралас сайлау жүйесі жұмыс істеді. 1999 жылы аралас сайлау жүйесіне сәйкес 67 депутат бір мандатты округтер бойынша, ал 10 адам партиялық тізім бойынша сайланды.

2007 жылғы конституциялық реформадан кейін 2023 жылдың басына дейін Қазақстанда іс жүзінде партиялық тізімдер бойынша сайлау жүйесі жұмыс істеді. «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 162-VI ҚРЗ Конституциялық заңымен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, округтік сайлау комиссиялары таратылды, аумақтық комиссиялардың төрағалары, орынбасарлары не хатшылары тұрақты негізде жұмыс істей бастады. бұл учаскелік сайлау комиссияларының сайлау науқандарына дайындықты айтарлықтай жеңілдетті [36].

Өзгерістер учаскелік комиссияларды да қамтыды. Енді олардың мүшелерінің саны округтегі сайлаушылардың санына байланысты өзгеріп отырады (комиссияда 5-тен 11 адамға дейін). Бірақ бұл ретте саны тақ болуы керек. Сайлау комиссияларының құрамына қатысты енді кандидаттардың жұбайы (зайыбы) мен жақын туыстары, сондай-ақ кандидаттардың тікелей бағынысындағы адамдар осы кандидат қатысатын сайлау округінде сайлауды тікелей ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз ететін сайлау комиссияларында бола алмайды, сондай-ақ сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары кіре алмайды (ата-анасы, балалары, бала асырап алушылары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы). Осы жаңашылдықтардың барлығы сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында бекітілді. Ең бастысы - сайлау заңындағы құқықтық олқылықтарды жою мақсатында Парламент мынадай өзгеріс енгізді - Парламент Мәжілісі депутаттары мен мәслихаттар депутаттарын сайлаудың мажоритарлық жүйесі пропорционалды түрге өзгерді, яғни депутаттар партиялық тізімдер бойынша ғана сайлана бастады. Сондай-ақ округтік сайлау комиссиялары таратылды.

Бірақ 2022 жылы кезекті конституциялық реформа жүргізілгеннен кейін қолданыстағы сайлау жүйесіне елеулі өзгерістер енгізілді, олар Президенттің де, Парламент пен барлық деңгейдегі мәслихаттар сайлауына да қатысты болды. Енді Қазақстанда басталған сайлау процесін реформалау конституциялық-құқықтық заңнаманың барлық жүйесінде терең өзгерістерге алып келеді. Өткен жылғы конституциялық реформаның маңызды блогы қазақстандық сайлау жүйесінің негіздеріне, жоғары өкілетті органды қалыптастыру және Парламент депутатының конституциялық-құқықтық мәртебесін нығайту тәртібіне қатысты өзгерістер болды.

Қорытынды

Мемлекет басшысы Қ.Қ.Тоқаевтың бастамасымен 2020 жылы 2021 жылғы сайлау науқаны басталғанға дейін саяси жаңғырту, көппартиялылықты дамыту және еліміздің қоғамдық-саяси өміріне азаматтық қатысуды кеңейту бойынша шаралар қабылданды. «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға және «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Заңға парламенттік оппозиция институтын енгізуді және оның қызметін регламенттеуді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Енді Парламент Мәжілісінің тұрақты комитеттерінің бір төрағасы мен екі

хатшысын сайлау парламенттік оппозиция депутаттарының қатарынан жүзеге асырылады. Бұдан басқа, парламенттік оппозицияға парламенттік тыңдауларды бір сессия ішінде кемінде бір рет өткізуге бастамашылық ету, сондай-ақ үкіметтік сағаттың күн тәртібін бір сессия ішінде кемінде екі рет айқындау құқығы беріледі.

Бұл ретте саяси партиялар фракцияларының басшыларына Парламент Палаталарының бірлескен отырыстарында, Парламент Мәжілісінің жалпы отырыстарында, тұрақты комитеттердің, жұмыс топтарының отырыстарында, парламенттік тыңдауларда және өзге де іс-шараларда сөз сөйлеуге кепілдік берілген құқық беріледі. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңда және «Саяси партиялар туралы» Заңда біздің парламенттік тәжірибемізде алғаш рет әйелдер мен жастарға арналған партиялық тізімдерде 30 пайыздық квота енгізілген ережелер қарастырылған. Бұл норма әйелдер мен жастарды Парламентке және жергілікті өкілді органдарға тартудың тиімді тетігі болады, бұл олардың елдің қоғамдық-саяси процестеріне неғұрлым белсенді қатысуына жәрдемдесетін болады [37].

Конституцияға сәйкес, Парламент палаталарының төрағаларымен және Премьер-министрмен консультациялардан кейін 2023 жылдың қаңтарында ҚР Президенті Қ.Қ.Тоқаев Мәжілісті тарату және мәслихаттардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы жарлықтарға қол қойды. Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауы 2023 жылдың 19 наурызында өткені белгілі. Мемлекет басшысының пікірінше, кезектен тыс сайлау өткізу азаматтардың жалпыұлттық референдумда қолдаған конституциялық реформаның қисынына байланысты. Оның қорытындысы бойынша біздің еліміз биліктің өкілетті тармағын қалыптастырудың жаңа, неғұрлым әділ және бәсекелестік қағидаларына көшті.

Енді Мәжіліс депутаттарының 70% партиялық тізім бойынша, ал 30% бір мандатты округтер бойынша сайланады. Аралас сайлау жүйесі бойынша 50 де 50 проценттік арақатынасында облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттарына сайлау да өтеді. Ал облыстық маңызы бар аудандар мен қалалардың мәслихаттарына сайлауда азаматтар бір мандатты округтер бойынша үміткерлерге ғана дауыс береді. Мәжіліс пен мәслихаттарды қалыптастырудың жаңа үлгісі сайлаушылардың мүддесін жалпыұлттық және өңірлік деңгейде толық қорғауға мүмкіндік береді, өкілді билік органдарында кеңінен көзқарасты қамтамасыз етеді. Бұл азаматтық қоғамды одан әрі дамыту үшін қолайлы жағдай жасайды.

Қ.К.Тоқаевтың айтуынша, бұл сайлау қоғамда болып жатқан өзгерістердің көрінісі болады және біздің саяси жүйемізді одан әрі жаңғыртуға қуатты серпін береді. Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауы мемлекеттік институттарды қайта құрылымдаудың соңғы кезеңі болады және «мықты Президент - ықпалды Парламент - есеп беретін Үкімет» формуласын нақты мазмұнмен толықтырады [38].

Президенттің бастамасымен конституциялық реформаны жүзеге асыру

аясында саяси партияларды тіркеу рәсімі айтарлықтай жеңілдетілді. Атап айтқанда, тіркеу шегі төрт есеге, 20 мыңнан 5 мың мүшеге дейін төмендетілді. Өңірлік партия өкілдіктерінің ең аз саны 600-ден 200 адамға дейін қысқарды. Осы және басқа да жүйелі шаралардың нәтижесінде біздің елімізде ұзақ уақыт ішінде алғаш рет бірнеше жаңа саяси партия тіркелген. Бұдан басқа, сайлау бюллетендеріне «барлығына қарсы» бағанын енгізу туралы бұрын қабылданған шешім түбегейлі мәнге ие болды.

Елді демократияландырудағы айтарлықтай қадам партиялардың Мәжіліске өтуі үшін межені 7%-тен 5% -ке дейін төмендету болды. Сайлау үдерісінің инклюзивтілігін қамтамасыз ету үшін тағы бір маңызды жаңалық депутаттық мандаттарды бөлу кезінде әйелдер, жастар және ерекше қажеттілігі бар адамдар үшін 30 пайыздық квотаны заңнамалық бекіту болды. Барлық осы институционалдық өзгерістер саяси бәсекелестікті күшейтеді, саяси жүйенің ашықтығын қамтамасыз етеді, саясаткерлердің жаңа тобының пайда болуына ықпал етеді. Сайлауды ұйымдастыру мен өткізуде аумақтық сайлау комиссиялары үлкен рөл атқарады. Сондықтан барлық сайлау рәсімдерінің сапасын арттыру үшін облыстық сайлау комиссиялары кәсіби негізге ауыстырылды.

Жоғарыда айтылғандарды жинақтай отырып, Қазақстан Республикасы Парламентінің саяси және құқықтық мәртебесін көтеруге, оның құзыретін заңнамалық жағынан кеңейтуге қатысты кейбір ұсыныстарымызбен бөлісуді жөн көрдік.

Ұсыныстар:

- Алдағы уақытта ықпалды Парламенттің мәртебесін одан әрі арттыру мақсатында Мәжіліс депутаттарын сайлауды партиялық тізіммен де, бір мандатты округтер бойынша да 50 де 50 пайыздық арақатынасында өткізу;

- 2022 жылы кезекті конституциялық реформа жүргізілгеннен кейін қолданыстағы сайлау жүйесіне енгізілген өзгерістерді одан әрі дамыту үшін әйелдер мен жастарға арналған партиялық тізімдерге енгізілген 30 пайыздық квотаны 50 пайызға дейін көтеруге;

- Бір мандатты округтер бойынша сайлау өткізуді облыстық маңызы бар аудандар мен қалалардың мәслихаттарына ғана емес, облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттарына да толығымен қолдану;

- Парламенттің заң шығару орган ретіндегі белсенділігін арттыру мақсатында депутаттар өзекті әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси мәселелерді жиі көтеруі тиіс. Бұл депутаттардың қоғамды толғандырған жүйелі мәселелерді шешуге деген ниетін көрсетеді;

- Қазіргі уақытта өзекті мәселенің бірі парламенттік бақылау функциясын толыққанды іске асыруға қатысты. Бұл ретте біз «парламенттік тергеп-тексерулер туралы емес, тек заңдардың орындалуын бақылау туралы» (Конституцияның 57-бабының 6-тармағы) айтып отырмыз. Парламенттік, депутаттық қызметтің бұл бағыты жандандырылуға тиіс;

- Парламенттің табиғатын тереңірек тану үшін зерттеушілер алдағы уақытта тарихи және құқықтық ойдың көрнекті өкілдерінің еңбектеріне

жүгіне отырып, Парламент институтының мемлекеттік билік органдары мен саяси жүйедегі орнын анықтауы керек;

- Қазіргі саяси жүйе жағдайындағы мемлекеттік билік тармақтары арасындағы тежемелік және тепе-теңдік жүйенің ерекшеліктерін белгілеу;

- Қос палаталы Парламенттің құрылымы мен функцияларын талдау арқылы оның қоғамда жүргізіліп жатқан саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани өзгерістердің құқықтық базасын жасаудағы қызметіне сараптама жасау;

- Қазақстан тарихының құрамдас бөлегі – республика Парламентінің қалыптасу кезеңдерін тың архив және тарихи нақты жазба деректер негізінде үнемі зерделеп, нәтижесін жариялап отыруды тұрақты негізде іске асыру қажет.

Қаржыландыру: Мақала «Тәуелсіз Қазақстан саяси жүйесінің институттары (1991-2023 гг.)» атты ғылыми жобаны іске асыру аясында әзірленді.

ӘДЕБИЕТТЕР.

1. Асылбек Байтан. Парламентаризм. Тарихы. Қалыптасуы. // <https://e-history.kz/kz/news/show/338908> (21.05.2025 қаралды)
2. Бурханов К.Н, Булекбаев С.Б. Казахстанский путь в дилемме: восток или запад?. Астана: Елорда, – 2010. –336 с.
3. Нысанбаев А., Машан М., Мурзалин Ж., Тулегулов А. Эволюция политической системы Казахстана в 2-х томах. 2-том. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001. – 544 с.
4. Нұрымбетова Г.Р. Саяси модернизация. Алматы. 2007. – 144 б.
5. Ашимбаев М.С. Политический транзит: от глобального к национальному измерению. Астана: Елорда, 2009. – 279 с.
6. Бижанов А.Х. Республика Казахстан: демократическая модернизация общества переходного периода. –Алматы: Өнер. 1997, – 256 с.
7. Касымбеков М.Б. Институт президентства как инструмент политической модернизации. – Астана, 2002. – С. 280.
8. Мурзалин Ж.А. От традиции к современности: модернизация политических институтов Казахстана. Алматы: Білік. 2000. – 156 с.
9. Иренов Г.Н. Консолидация общества. Павлодар.-2003. – 230 с.
10. Жексембекова В.А. Қазақстандық қоғамды демократияландыру аясындағы саяси жаңарту үрдісі // С.ғ.д., ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс., авторефераты. А., 2009. – 46 б.
11. Сәрсенбаева Ж.Г. Қазақстан Республикасының билік жүйесін демократияландыру саясаты // С.ғ.к., ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс., авторефераты. А., 2007. – 30 б.
12. Әбдіхалық А.Ә. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясаты: саяси талдау. Саяси ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2008. – 35 б.
13. Жаулин К.М. Политическая модернизация как условие стабильного развития Республики Казахстан. Алматы. 2008. – 238 с.
14. Кагазбаева Э.М. Государственная политика обеспечения гендерного равенства в Республике Казахстан // Автореферат диссертации на соискание ученой степени к.п.н., Алматы, 2010. – 27 б.
15. Сейсенова Н.Б. Политическая модернизация в Республике Казахстан в ценностном измерении // Автореферат диссертации на соискание ученой степени к.п.н., Алматы, 2009. – 29 б.
16. Нурғалым К.С. Қазақстанда саяси институттардың қалыптасуында қоғамдық ойдың модернизациялану мәселелері (салыстырмалы саяси талдау) // С.ғ.к., ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. А., 2010. – 30 б.

17. Dahl R. Polyarchy Participation and Opposition. - New Haven, 1971. - P.23.
18. Ипполитова Т.В. Трансформация казахстанского общества: проблемы социально-политического реформирования (социологический анализ) // Автореферат диссертации на соискание ученой степени к.с.н., Тюмень, 2002. – 23 с.
19. Махмудова С.А. Становление и развитие парламентаризма в Казахстане, Киргизии, Узбекистане: конец XX – начало XXI вв. // Автореферат диссертации на соискание учёной степени к.п.н., Москва, 2011. – 24 с.
20. Зиманов С.З. «Парламент Казахстана в трудные годы провозглашения независимости». - Алматы: Алаш, 2011. -287 с.
21. Котов К.А. Конституционализм в Казахстане: опыт становления и эффективность механизма власти. 2000. -288 с.
22. Сапарғалиев Ғ. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 536 б.
23. Табанов С., Оразова А.Ә. Күрделі заманның өтпелі кезеңдеріндегі қазақ қоғамы Ата заңдарының (Конституцияларының) тарихи-құқықтық сабақтастығы. Алматы: Жеті жарғы, 2005. – 360 б.
24. Қалиев Н. Қазақстан Парламентаризмі: саяси талдау. Алматы: Қазақстан, 2003. – 272 б.
25. Бәкір Ә.Қ. Қазақстан Республикасы Парламентінің қалыптасуы. Астана: Сарыарқа, 2009. – 346 б.
26. Алияров Е.К. Парламентское фракции в политическом процессе: мировой опыт и Казахстан // Автореферат диссертации на соискание ученой степени к.п.н., Алматы, 2002. –28 с.
27. Шакирбаев С.А. Развитие Казахстанского парламента сквозь призму партийного строительства // Дисс...PhD.-А., 2008.
28. Джельдибаев А.М. Становление и развитие института парламентаризма в Республике Казахстан: политологический анализ // Автореферат диссертации на соискание ученой степени к.п.н., Алматы, 2010.
29. Бекжанов Б.А. Парламентаризм в Казахстане: современное состояние и перспективы развития// Дисс...PhD.-А., 2010. – 25 с.
30. Дауталиев Қ.Н. Қазақстан Республикасы Парламентінің бақылау функциясы // З.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. А., 2010. – 24 б.
31. ҚР Жоғарғы Кеңесінің бірінші сессиясы (жаңа құрам). 16 сәуір 1994 жыл. Стенографиялық есеп. // Национальный Архив Республики Казахстан. Ф.2.Оп.4.Д.234.Л.40-47.
32. Аяган Б.Г. и др. Современная история Казахстана: Учебник для студентов неисторических специальностей (бакалавриатов) высших учебных заведений. Алматы: Раритет, 2010. – 432 с.
33. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Қаулысы. 6 наурыз 1995 жыл. Алматы қаласы. // Архив Президента Республики Казахстан Ф.5.Н.Оп.1.5.Д.54.57. Л.1-5.
34. Парламент Мәжілісінің 1-8-ші шақырылымдары // <https://mazhilis.parlam.kz/kk/about-us/history> (21.05.2025 қаралды).
35. Оспанов М.Т. Проблемы становления и развития парламентаризма // Архив Президента Республики Казахстан. Ф.5Н.Оп.5.1.Д.7812.Л.13-21.
36. «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 162-VI Конституциялық заңы.
37. Тоқаев Қ.К. ҚР Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарын сайлауды тағайындау туралы үндеуі. Казахстанская правда. 2020 жылғы 21 қазан.
38. Тоқаев Қ.К. Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы мәлімдемесі. Казахстанская правда. 2023 жылғы 19 қаңтар.

REFERENCES:

1. Asylbek Baitan. Parlamentarizm. Tarihy. Qalyptasuy. [Parliamentarism. History. Formation] // <https://e-history.kz/kz/news/show/338908> (accessed: 21.05.2025).
2. Burhanov K.N, Bulekbaev S.B. Kazhastansi put v dilemme: vostok ili zapad?. [Kazakhstan's path is in a dilemma: East or West?] Astana: Elorda, – 2010. –336 p.
3. Nysanbaev A., Mashan M., Murzalin J., Tulegulov A. Evolusia politicheskoi sistemy Kazhastana v 2-h tomah. 2-tom. [The evolution of the political system of Kazakhstan in 2 volumes.] – Almaty: Qazaq enseklopediasy, 2001. – 544 p.

4. Nurymbetova G.R. Saiasi modernizatsia. [Political modernization] Almaty. 2007. – 144 p.
5. Ashimbaev M.S. Politicheskii tranzit: ot globalnogo k natsionalnomu izmereniu. [Political transit: from the global to the national dimension] Astana: Elorda, 2009. – 279 p.
6. Bizhanov A.H. Respublika Kazakhstan: demokraticheskaia modernizatsia obsestva perehnodnogo perioda. [Republic of Kazakhstan: democratic modernization of a transition society] – Almaty: Oner. 1997, – 256 p.
7. Kasymbekov M.B. Institut prezidentstva kak instrument politicheskoi modernizatsii. [The institution of the Presidency as an instrument of political modernization] – Astana, 2002. – p. 280.
8. Murzalin J.A. Ot traditsii k sovremennosti: modernizatsia politicheskikh institutov Kazakhstana. [From tradition to modernity: modernization of Kazakhstan's political institutions] Almaty: Bilik. 2000. – 156 p.
9. Irenov G.N. Konsolidatsia obsestva. [Consolidation of the company] Pavlodar. - 2003. – 230 p.
10. Jeksembekova V.A. Qazaqstandyq qogamdy demokratalandyru aiasyndagy saiasi janartu urdisi // S.g.d., glyymi darejesin alu usin daiyndalghan diss., avtoreferaty. [The process of political modernization of Kazakhstan's society in the context of democratization // C.D. D., diss prepared for the degree., abstract] A., 2009. – 46 p.
11. Sarsenbaeva J.G. Qazaqstan Respublikasynyn bilik zhuiesin demokratalandyru saiasaty // S.g.k., glyymi darejesin alu usin daiyndalghan diss., avtoreferaty. [Policy of democratization of the power system of the Republic of Kazakhstan // C.D. D., diss prepared for the degree., abstract.] A., 2007. – 30 p.
12. Abdihalyq A.A. Qazirgi kezendegi Qazaqstan Respublikasynyn aleumettik saiasaty: saiasi taldau. Saiasi gylymdarynyn kandidaty glyymi darejesin alu usin daiyndalghan dissertasiynyn avtoreferaty. [Social policy of the Republic of Kazakhstan at the present stage: political analysis. Abstract of the dissertation prepared for the degree of candidate of Political Sciences] Almaty, 2008. – 35 p.
13. K.M. Politicheskaiia modernizatsia kak uslovie stabilnogo razvitiia Respubliki Kazakhstan [Political modernization as a condition for stable development of the Republic of Kazakhstan] Almaty. 2008. – 238 p.
14. Kagazbaeva E.M. Gosudarstvennaia politika obespechenia gendernogo ravenstva v Respublike Kazahstan // Avtoreferat dissertasii na soiskanie uchenoi stepeni k.p.n., [The state policy of ensuring gender equality in the Republic of Kazakhstan // Abstract of the thesis for the degree of PhD.] Almaty, 2010. – 27 p.
15. Seisenova N.B. Politicheskaiia modernizatsia v Respublike Kazahstan v sennostnom izmerenii // Avtoreferat dissertasii na soiskanie uchenoi stepeni k.p.n., [Political modernization in the Republic of Kazakhstan in the value dimension // Abstract of the thesis for the degree of PhD.] Almaty, 2009. – 29 p.
16. Nurgalym K.S. Qazaqstanda saiasi instituttardyn qalyptasuynnda qogamdyq oidyn modernizatsialanu maseleleri (salystymaly saiasi taldau) // S.g.k., glyymi darejesin alu usin daiyndalghan dissertasiynyn avtoreferaty. [Problems of modernization of public thought in the formation of political institutions in Kazakhstan (comparative political analysis) // Abstract of the dissertation for the degree of candidate of Medical Sciences.] A., 2010. – 30 p.
17. Dahl R. Polyarchy Participation and Opposition. - New Haven, 1971. - p.23.
18. Ippolitova T.V. Transformatsia kazahstanskogo obsestva: problemy sosialno-politicheskogo reformirovaniia (sosiologicheskii analiz) // Avtoreferat dissertasii na soiskanie uchenoi stepeni k.s.n., [Transformation of the Kazakh society: problems of socio-political reform (sociological analysis) // Abstract of the thesis for the degree of PhD] Tümen, 2002. – 23 p.
19. Mahmudova S.A. Stanovlenie i razvitie parlamentarizma v Kazahstane, Kirgizii, Uzbekistane: konets XX – nachalo XXI vv. // Avtoreferat dissertasii na soiskanie uchenoi stepeni k.p.n., [The formation and development of parliamentarism in Kazakhstan, Kyrgyzstan, Uzbekistan: the end of the XX – beginning of the XXI centuries // Abstract of the dissertation for the degree of PhD.] Moskva, 2011. – 24 p.
20. Zimanov S.Z. «Parlament Kazakhstana v trudnye gody provozглашения nezavisimosti». [The Parliament of Kazakhstan during the difficult years of independence] - Almaty: Alaş, 2011. -287 p.
21. Kotov K.A. Konstitutsionalizm v Kazahstane: opyt stanovleniia i effektivnost mehanizma vlasti. [Constitutionalism in Kazakhstan: the experience of formation and effectiveness of the mechanism of power] 2000. - 288 p.
22. Sapargaliev G. Qazaqstan Respublikasynyn Konstitutsialyq quqygy. [Constitutional law of the Republic of Kazakhstan] Almaty: Jeti jargy, 2008. – 536 p.
23. Tabanov S., Orazova A.A. Kurdeli zamannyn otpeli kezenderindegi qazaq qogamy Ata zandarynyn (Konstitutsialarynyn) tarihi-quqyqtyq sabaqtastygy. [Historical and legal continuity of the basic laws (constitutions) of Kazakh society in the transitional periods of difficult times] Almaty: Jeti jargy, 2005. – 360 p.

24. Qaliev N. Qazaqstan Parlamentarizmi: saiasi taldau. [Parliamentarism of Kazakhstan: political analysis] Almaty: Qazaqstan, 2003. – 272 p.
25. Bakir A.Q. Qazaqstan Respublikasy Parlamentinin qalyptasuy. [Formation of the Parliament of the Republic of Kazakhstan]. Astana: Saryarqa, 2009. – 346 p.
26. Aliarov E.K. Parlamentskoe fraksii v politicheskom prosesse: mirovoi opyt i Kazakhstan // Avtoreferat dissertatsii na soiskanie uchenoi stepeni k.p.n., [Parliamentary factions in the political process: world experience and Kazakhstan // Abstract of the dissertation for the degree of Ph.D.,] Almaty, 2002. – 28 p.
27. Sakirbaev S.A. Razvitie Kazhastanskogo parlamenta skvoz prizmu partinogo stroitelstva [The development of the Kazakh Parliament through the prism of party building] // Diss...PhD.-A., 2008.
28. Jeldibaev A.M. Stanovlenie i razvitie instituta parlamentarizma v Respublike Kazahstan: politologicheski analiz // Avtoreferat dissertatsii na soiskanie uchenoi stepeni k.p.n., [The formation and development of the Institute of Parliamentarism in the Republic of Kazakhstan: a political analysis // Abstract of the dissertation for the degree of Ph.D.,] Almaty, 2010.
29. Bekjanov B.A. Parlamentarizm v Kazahstane: sovremennoe sostoianie i perspektivy razvitiia // [Parliamentarism in Kazakhstan: current state and development prospects] Diss...PhD. – A., 2010. – 25 s.
30. Dautaliev Q.N. Qazaqstan Respublikasy Parlamentinin baqylau funksiasy // Z.g.k. gylymi darejesin alu usin daiyndalghan dissertasiyany avtoreferaty. [Control function of the Parliament of the Republic of Kazakhstan // Abstract of the dissertation prepared for the degree of candidate of Legal Sciences] A., 2010. – 24 b.
31. QR Jogargy Kengesinin birinsis sesiasy (jaaa quram). 16 saur 1994 jyl. Stenografialyq esep. // Nasionalnyi Arhiv Respubliki Kazahstan. [First session of the Supreme Soviet of the Republic of Kazakhstan (new composition) National Archive of the Republic of Kazakhstan] F.2.Op.4.D.234.L.40-47.
32. Aiagan B.G. i dr. Sovremennaia istoria Kazahstana: Uchebnyk dda studentov neistoricheskikh spetsialnostei (bakavaliariatov) vyssih uchebnykh zavedeni. [Modern history of Kazakhstan: A textbook for students of non-historical specialties (bachelor's degree) of higher educational institutions] Almaty: Raritet, 2010. – 432 p.
33. Qazaqstan Respublikasy Konstitusialyq Sotynyn Qaulysy. 6 nauryz 1995 jyl. Almaty qalasy. // Arhiv Prezidenta Respubliki Kazahstan. [Resolution Of The Constitutional Court Of The Republic Of Kazakhstan (National Archive of the Republic of Kazakhstan) F.5.N.Op.1.5.D.54.57. L.1-5.
34. Parlament Mazhilisinin 1-8 si saqyrylymdary. [1-8 convocations of the Mazhilis of the parliament] // <https://mazhilis.parlam.kz/kk/about-us/history> (accessed: 21.05.2025).
35. Ospanov M.T. Problemy stanovleniia i razvitiia parlamentarizma. // Arhiv Prezidenta Respubliki Kazahstan. [Problems of formation and development of parliamentarism, // National Archive of the Republic of Kazakhstan] F.5.N.Op.5.1.D.7812.L.13-21.
36. «Qazaqstan Respublikasynyn keibir konstitusialyq zandaryna ozgerister men tolyqtyrular engizu turaly» [On amendments and additions to some constitutional laws of the Republic of Kazakhstan] Qazaqstan Respublikasynyn 2018 jylgy 29 mausymdaghy № 162-VI Konstitusialyq zany.
37. Tokayev K. QR Parlamenti Mazhilisi men maslihatar deputattaryn sailaudy tagaiyndau turaly undeui. [Appeal of Deputies of the Mazhilis of the parliament and maslikhats on the appointment of elections] Kazhastanskaia pravda. 2020 jylgy 21 qazan.
38. Tokayev K. Parlament Mazhilisi men maslihatar deputattarynyn kezekten tys sailauyn tagaiyndau turaly malimdemesi. [Statement on the appointment of early elections of Deputies of the Mazhilis of the parliament and maslikhats] Kazhastanskaia pravda. 2023 jylgy 19 qantar.

Амина Урпекова*¹, Данагүл Көпежанова², Бибигуль Бюлегенова³

¹Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы

Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты

*e-mail: amurgo63@gmail.com

ORCID 0000-0002-8882-5562

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

«Саясаттану» кафедрасының Ph.D докторы, аға оқытушы

ORCID 0009-0008-6773-5470

³Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

«Саясаттану» кафедрасының профессор м.а.

ORCID 0000-0001-7810-9653

(Астана, Қазақстан)

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ: СТРАТЕГИЯЛАР МЕН ТӘЖІРИБЕЛЕР

Андатпа. Креативті экономика әлемнің әртүрлі елдерінде экономикалық өсудің және әлеуметтік трансформацияның негізгі факторларының біріне айналады. Мақалада Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Канада, Индонезия және Қазақстан мысалдары арқылы креативті индустрияны қолдаудың мемлекеттік стратегиялары қарастырылған. Сондай-ақ, экспорттық стратегиялардың ерекшеліктері мен негізгі міндеттері, мемлекеттік қолдау тетіктері мемлекеттік секторды дамытудағы рөлі талданады. Мемлекеттік саясаттың үш негізгі моделі анықталды: нарықтық (Ұлыбритания), орталықтандырылған (Оңтүстік Корея) және әлеуметтік бағдарланған (Канада). Алынған нәтижелер Қазақстанда және басқа елдерде креативті индустрия саласындағы тиімді мемлекеттік саясатты қалыптастыру үшін пайдалы болуы мүмкін.

Түйін сөздер: креативті экономика, креативті индустрия, мемлекеттік қолдау шаралары, даму стратегиялары, халықаралық тәжірибе, Қазақстан.

Амина Урпекова, Көпежанова Данагүл, Бибигуль Бюлегенова ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОЛИТИКА В СФЕРЕ КРЕАТИВНЫХ ИНДУСТРИЙ: СТРАТЕГИИ И ПРАКТИКИ

Аннотация. Креативная экономика становится одним из ключевых факторов экономического роста и социальной трансформации в различных странах мира. В статье рассматриваются государственные стратегии

поддержки креативных индустрий на примере Великобритании, Южной Кореи, Канады, Индонезии и Казахстана. Анализируются механизмы государственной поддержки, роль государства в развитии сектора, особенности экспортных стратегий и основные вызовы. Выявлены три основные модели государственной политики: рыночная (Великобритания), централизованная (Южная Корея) и социально-ориентированная (Канада). Полученные результаты могут быть полезны для формирования эффективной государственной политики в сфере креативных индустрий в Казахстане и других странах.

Ключевые слова: креативная экономика, креативные индустрии, меры государственной поддержки, стратегии развития, международный опыт, Казахстан

Amina Urpekova, Danagul Kopezhanova, Bibigul Byulegenova
PUBLIC POLICY IN THE CREATIVE INDUSTRIES: STRATEGIES AND PRACTICES

Abstract. The creative economy has become a key driver of economic growth and social transformation in various countries worldwide. This article examines government strategies for supporting creative industries using case studies from the United Kingdom, South Korea, Canada, Indonesia, and Kazakhstan. It analyzes mechanisms of state support, the role of government in sector development, export strategies, and key challenges. The study identifies three primary models of public policy: market-driven (United Kingdom), centralized (South Korea), and socially-oriented (Canada). The findings provide valuable insights for developing effective public policies in creative industries in Kazakhstan and beyond.

Keywords: government support measures, development strategies, international experience, Kazakhstan

Кіріспе

Әлемдік экономикада креативті индустриялар қарқынды дамып, жалпы ішкі өнімге (ЖІӨ) елеулі үлес қосып жатыр. Біріккен Ұлттар Ұйымының зерттеуіне сәйкес, дамыған мемлекеттерде креативті салалардың экономикаға тигізетін ықпалы ЖІӨ-нің 10-25%-ын құрайды, бұл сектордың инновациялар мен технологиялық жетістіктерге байланысты жоғары қарқынды өсуімен түсіндіріледі. Бұған қоса, мәдени және креативті салалар әлемдегі барлық жұмыс орындарының 6,2%-ын, яғни шамамен 50 миллион адамды қамтиды. Осы салада жұмыс істейтіндердің көпшілігі басқа салаларға қарағанда жастар (15-29 жас) болып табылады [1].

Мемлекеттік саясат креативті экономиканың дамуына шешуші әсер етеді, өйткені ол білім беру реформалары, зияткерлік меншікті қорғау және инфрақұрылымға инвестициялар арқылы осы саланың өркендеуіне жол ашады. Мысалы, Ұлыбритания креативті экономика тұжырымдамасын

ұлттық стратегияға енгізген алғашқы елдердің бірі болды, осының нәтижесінде креативті индустриялар ел экономикасының ең жылдам өсіп жатқан салаларының біріне айналды [2].

Креативті экономиканы зерттеу оның тұрақты дамуы тек мемлекет тарапынан белсенді қолдау болған жағдайда ғана жүзеге асатынын көрсетеді. Бұл қолдау білім беру бағдарламаларын жетілдіру мен шағын кәсіпкерлік үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыруды қамтиды [3]. Сонымен қатар, мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі жаһандық стратегиялар мен жергілікті ерекшеліктердің арасындағы тепе-теңдікті сақтаумен, сондай-ақ мемлекеттердің өз саясатын өзгермелі жағдайларға жылдам бейімдеу қабілетіне тәуелді болып табылады [4].

Бұл зерттеу жұмысы әртүрлі мемлекеттердің креативті экономика саласындағы саясатты қалыптастыруда қолданатын стратегиялары мен әдістерін анықтап, салыстыруға бағытталған. Негізгі назарды әр елдің бағдарламалары мен бастамаларын жергілікті жағдайлар мен жаһандық үрдістерге, жаңашылдыққа қалай бейімдейтініне аударамыз.

Қазақстан жаһандық экономиканың бір бөлігі ретінде өзінің креативті салаларын дамытуға үлкен мүмкіндіктерге ие, бірақ бұл ұлттық мәдени ерекшеліктерді және халықаралық тәжірибені ескеретін арнайы бейімделген мемлекеттік саясатты әзірлеуді қажет етеді. Осы тұрғыда бұл зерттеу жұмысы креативті экономиканың өсуін ынталандыруды, оны халықаралық нарықтарға біріктіру үшін мемлекеттік саясаттың қандай элементтері тиімді екендігін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістемесі

Зерттеу жұмысының әдістемесі әртүрлі елдердің креативті индустрияларындағы мемлекеттік саясатты салыстырмалы талдауға негізделеді. Бұл зерттеу жұмысының шеңберінде ұлттық стратегиялар, заңнамалық актілер және креативті экономиканы қолдау бағдарламалары сияқты ресми құжаттарға талдау жасалады. Осының негізінде басқа да мемлекеттердің креативті салалардың дамуын ынталандыру үшін қолданатын негізгі басымдықтары мен механизмдері анықталады, сондай-ақ олардың жергілікті ерекшеліктер мен халықаралық үрдістерге қалай бейімделгеніне баға беріледі.

Сонымен қатар, зерттеуде қолданыстағы ғылыми еңбектерге, халықаралық ұйымдардың есептеріне және басқа да дереккөздерге негізделген қайталама талдау жүргізіледі. Бұл талдау эмпирикалық база құрып, креативті экономиканың дамуына әсер ететін жаһандық трендтерді бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеуде Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Канада сияқты креативті салаларда көшбасшы елдердің тәжірибесіне, сондай-ақ Қазақстан сияқты креативті экономикасы қалыптасып келе жатқан мемлекеттердің мысалдарына ерекше назар аударылады.

Осы бағыттағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыру жолдарын салыстырмалы талдау арқылы озық тәжірибелерді анықтап, олардың

тиімділігін бағалауға және іске асыруға ықпал ететін факторларды белгілеуге мүмкіндік береді.

Креативті экономика тұжырымдамасының эволюциясы

Креативті индустриялар мен креативті экономика идеясы аяқ асты, бірден пайда болған жоқ, ол Франкфурт мектебі өкілдерінің жұмыстарында бастау алған мәдени индустриялар тұжырымдамасының біртіндеп дамуының нәтижесінде болды. Терминді алғаш рет 1940 жылдары Теодор Адорно мен Макс Хоркгеймер Мәдени өнімдердің жаппай өндірісін сынау үшін қолданған болатын, олар оның коммерциялануы мен стандартталуына баса назар аударды [5].

Бұл тұжырымдама кейіннен оң көзқараспен қабылданып, XX ғасырдың соңынан бастап ол экономикалық өсу мен инновациялық дамудың негізгі элементі ретінде қарастырыла бастады. Креативті индустриялар ұғымы 1990 жылдардың соңында Ұлыбританияда Тони Блэр Үкіметі шығармашылық және интеллектуалды еңбекке негізделген секторларды дамытуға бағытталған саясатты бастаған кезде қалыптасты. Осы кезеңде Джон Хокинс дизайн, кино, сән, сәулет, музыка, баспа және басқа да 15 негізгі саланы бөліп көрсетіп, креативті экономика теориясын қалыптастырды. Оның пікірінше, креативті экономика — бұл идеялар, білім және зияткерлік меншік сияқты материалдық емес активтерге негізделген жаңа экономикалық жүйе болып табылады [6] (Howkins, 2001).

2002 жыл Ричард Флорида ұсынған шығармашылық тап тұжырымдамасының пайда болуындағы маңызды кезең болды. Ол шығармашылық тапты постиндустриалды даму мен қалалардың экономикалық өсуінің қозғаушы күші ретінде қарастырды. Флорида ғалымдардың, дизайнерлердің, бағдарламашылар мен суретшілердің қалалардың экономикалық дамуы мен өзгерісіндегі рөлін айрықша атап өтті. Оның пайымдауынша, креативті, шығармашылық адамдардың жинақталуы және олардың инновациялық қабілеттері қалалардың гүлденуіне, әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге алып келеді [7]. Алайда, бұл теория дау-дамай туғызды. Сыншылар креативті таптың әрдайым инклюзивті дамуға ықпал етпейтінін, сондай-ақ оның қалалардағы шоғырлануы көбінесе теңсіздіктің артуына және әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтардың шеттетілуіне әкелетінін атап өтті. 2010 жылы Вилсон креативтіліктің жеке емес, ұжымдық сипатын көрсететін «әлеуметтік креативтілік» ұғымын енгізді. Бұл тәсіл жалпы халықтың креативті ерекше процестерге жан-жақты қатысуын кеңейтуге бағытталғанын және креативті экономиканы тек элиталық кәсіпқойлар үшін ғана болатын жабық кеңістік ретінде ғана қарастыруға қарсы тұратын ой пікірлердің пайда болуына әкелді [8].

Жалпы алғанда заманауи зерттеулер креативті экономиканы тек жеке салалардың жиынтығы ретінде мағынасы тар тұрғыда ғана емес, оны кеңірек мағынада зерттейді. Осы жаңа бағыттардың бірі —

«креативті экология» теориясы (creative ecologies), ол инновацияны динамикалық және бейімделгіш жүйе ретінде сипаттайды. Бұл теорияда алуантүрлілік, оқыту және өзгерістер тұрақты өсудің негізгі элементтері ретінде қарастырылады. Креативті экологияларда әр түрлі идеялар мен тәжірибелер өзара ықпалдасып, үздіксіз өзгерістер мен жаңалықтар туындатады, бұл экожүйе деңгейінде тұрақты дамуға ықпал етеді. [9]. Тағы бір маңызды тенденция — креативті секторлардағы цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект рөлінің күшеюі. Қазіргі уақытта креативті экономика платформалық модельмен тығыз байланысты, мұнда цифрлық платформалар жасаушылар, тұтынушылар және бизнес арасындағы өзара әрекеттесудің жаңа формаларын қалыптастырады. Бұл өз кезегінде шығармашылық процестерді жеңілдетіп, бизнеске жаңа мүмкіндіктер ұсынып, инновацияны жеделдетеді. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект креативті индустрияларға автоматизация, деректерді талдау және тұтынушылардың сұраныстарына икемделу мүмкіндігін береді, бұл олардың тиімділігін арттырады [10].

Осылайша, креативті экономикада біртұтас әрі қатаң бекітілген анықтама жоқ, өйткені ол динамикалық және үнемі дамып келе жатқан құбылыс. Оның тұжырымдамасы тек дәстүрлі салаларды ғана емес, сонымен қатар жаңа цифрлық форматтарды, жасанды интеллект пен платформалық бизнес модельдерін қамти отырып, үздіксіз кеңейіп даму үстінде. Креативті экономиканың негізгі сипаттамалары зияткерлік капиталға бағдарлану, жоғары деңгейдегі инновация, жаһандық нарықтың өзгерістеріне икемділік пен бейімделу болып табылады. Ол экономикалық, мәдени және технологиялық аспектілерді біріктіру арқылы қазіргі қоғамның дамуына маңызды ықпал етеді.

Креативті индустрияларды мемлекеттік қолдау үлгілері

Жас топтары бойынша екі зерттеу нәтижелерін талдау түрлі топ өкілдері арасында саяси белсенділіктің әрқелкі формаларына қатысатынын көрсетті. Жасы үлкендер сайлауда дауыс беру, мемлекеттік органдар мен соттарға жүгіну сияқты формаларды көбірек пайдаланды. Онлайн-петицияларға қол қою, салыстырмалы түрде жиірек, 35-44 және 25-34 жас аралығындағы респонденттердің саяси қатысу түрі ретінде пайдаланды. Жастар арасында ең аз көрсеткіш, сайлауға бару және ең көбі, жауап беруге қиналғандар саны.

Саяси мінез-құлықтың қандай-да бір түрі Қазақстандағы түрлі этнос өкілдеріне қаншалықты тән екендігі қызығушылық тудырады. 2021 және 2024 жылдардағы сауалнама нәтижелерін талдау өзге этнос өкілдеріне қарағанда қазақтардың митингілерге жиі қатысқанын көрсетті. Орыстар дауыс беру сияқты формаларды жиі қолданды және мемлекеттік органдарға жиі жүгінген.

2021 және 2024 жылдардағы сапалық зерттеулердің нәтижелері бізге азаматтардың саяси қатысу тәжірибесі туралы құнды ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ, респонденттермен фокус-топтық талқылаулардың нәтижесінде белгілі бір мәселелерді шешу үшін тұрғындар мен билік арасындағы өзара әрекеттесу тетіктерін де анықтадық.

Фокус-топтық зерттеулер респонденттердің өз мәселелерін ұжымдық әрекет пен ақпараттық платформаларды пайдалана отырып шешуге бейім екенін көрсетті. Қатысушылар облыстық және аудандық деңгейдегі әкімдіктерге өтініш жолдау сияқты ресми арналар арқылы мәселелерді шешуге болатынын мойындайды. *«Алайда, мұндай әдістер өте ұзақ уақытты алады, өйткені қабылдаулар белгісіз себептермен кейінге қалдырылады»*, - дейді сұхбаттасушылар. Сонымен қатар, олар e-Ötinish және eGov сынды платформалар мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды айтарлықтай жеңілдететінін атап өтті. Сауалнамаға қатысқандар арасында жеке-дара ештеңеге қол жеткізу мүмкін емес деген тұрақты сенім қалыптасқан. Сондықтан әлеуметтік желі арқылы жасалған ұжымдық үндеу ғана нәтижелі болуы ықтимал. Мәселен, олардың пікірінше, *«ұжымдық шағымдар немесе әлеуметтік желілердегі резонанстар арқылы мемлекеттік органдардың реакциясына қолжеткізуге болады»*.

Әлеуметтік желілер (Instagram, Facebook) шенеуніктердің назарын бар мәселелерге аударудың ең тиімді құралы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, фокус-топтардағы кейбір қатысушылар мұндай өтініштерге реакциялар формальды екенін және нақты өзгерістер болмайтынын, қазіргі жүйе азаматтардың бастамаларына нашар жауап беретінін атап өтеді. Түрлі мәселелер бойынша мемлекеттік қызметкерлермен қарым-қатынас жасауда

белгілі бір тәжірибеге ие болған респонденттер мәселелерді шешу олардың ауқымына байланысты, мәселе ауқымы кіші және жергілікті болған сайын, соғұрлым оның шешілу ықтималдығы жоғары болатындығына сенеді.

Респонденттер ақпаратты түрлі көздерден, негізінен цифрлық платформалар (әлеуметтік желілер, мессенджерлер, жаңалықтар порталдары) арқылы алуды жөн көреді. Мұндай ақпарат көздері қатарына Instagram, TikTok, Telegram, YouTube, әлеуметтік желілердегі әкімдіктердің ресми парақшалары (қалалық және облыс әкімдіктерінің парақшалары) және жергілікті ресми арналар жатады. Көптеген қатысушылар репосттар, жарияланымдар және пікірлер қалдыру арқылы бір-бірімен ақпарат алмасады.

Осылайша, жүргізілген зерттеулер мен оның негізінде алынған нәтижелер Қазақстандағы саяси қатысу динамикасы, факторлары мен үрдістерін анықтауға, оның кеңірек таралған түрлерін айқындауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, нәтижелерді біріктіретін болсақ, саяси мінез-құлық түрлерінің әртүрлілігі біздің халықтың мобильді екендігін көрсетеді.

Екіншіден, Қазақстан үшін салыстырмалы түрде жаңа болып табылатын қатысудың цифрлық формалары, атап айтқанда, онлайн-петицияларға қол қою, посттар, репосттар, әлеуметтік желілерде пікірлер жазуды пайдаланатындар саны айтарлықтай артты.

Назар аударуды қажет ететін үшінші дүние, жауап беруге қиналғандар және саясатқа қатысу тәжірибесі туралы айтқысы келмейтіндердің өте жоғары үлесі (45,9%) болып табылады. Респонденттердің мұндай «жабықтығы», тұрақты және терең бақылауды қажет ететін қоғамдағы жасырын процестерді көрсетеді.

Нәтижелерді талқылау

Қазақстандағы саяси қатысу тәжірибесі, бір жағынан, бірқатар шешілмеген әлеуметтік-экономикалық мәселелердің бар екенін, екінші жағынан, билік органдарының қоғаммен байланыс тиімділігінің жеткіліксіздігін көрсетеді. Бұл туралы 2022 жылғы Қаңтар оқиғасынан кейін еліміздің Президенті атап өтті: «Болған қайғылы оқиғалар негізінен күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселелер мен кейбір мемлекеттік органдардың тиімсіз, дәлірек айтқанда, сәтсіз қызметімен байланысты болғанын мойындау керек. Жекелеген атқарушы органдардың азаматтардың қиыншылықтары мен қажеттіліктерінен айтарлықтай алшақтығы байқалды. Билік құрылымдары өкілдерінде халық өмірі, олардың үміттері мен талаптары туралы бұрмаланған түсінік қалыптасты. Теңсіздік мәселесі де ушыға түсті. Халықтың орташа табысы қағаз жүзінде болса да өсіп жатқандай көрінгенімен, бұл жағдай жылдан-жылға күрделене түсуде» [22].

Нәтижелер әлеуметтік-экономикалық, саяси және ақпараттық салалардағы өзгерістердің көрінісі болып табылатын саяси қатысу түрлері эволюциясының бар екенін көрсетеді. Азаматтардың дәстүрлі саяси институттарды айналып өтіп, цифрлық құралдарды (онлайн-петициялар, краудсорсингтік платформалар) пайдаланатын қатысудың дәстүрлі емес

түрлеріне тартылуы байқалады. Мұны Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының 1500 респонденттік іріктеумен 2021 және 2023 жылдары жүргізген әлеуметтанулық зерттеулері де растайды. Тұрғындар қоғамдық ұйымдардың (құқық қорғау, қайырымдылық, экологиялық) іс-шараларына атсалысып, кіреберістер, балалар ойын алаңдарын ұжымдық абаттандыруға қатысқандарын көреміз, жалғызбасты азаматтар, қарттар немесе ерекше қажеттіліктері бар адамдарға көмек көрсететін азаматтардың үлесі өскен [21, 137-б.]. Мұнда біз қатысудың ерекшелігіне назар аударамыз, қазақстандықтар нақты мәселелерді шешуге басымдық береді.

Саяси қатысудың қандай да бір түрлеріне сұраныс өзгерістерін бақылай отырып, біз саяси жүйе ахуалының өзгеруі туралы айта аламыз. Респонденттердің саяси қатысудың көптеген түрлерін пайдалануының төмендеуі және «жауап беруге қиналамын» жауаптарының артуы әрқашан қызығушылықсыздық, пассивтілік пен апатияның жоғарылауын көрсетпейді. Бұл аралық кезең, яғни құндылықтарды қайта бағалау мен ойлану, қазақстандықтардың қатысудың жаңа мүмкіндіктері мен баламалы түрлерін іздеуі немесе саяси оқиғаларды бақылаушы позициясын ұстану мен өз пікірін қалыптастыру үдерісін көрсетуі мүмкін.

Ұсынылған деректер қазақстандықтардың қатысудың конвенционалдық емес және наразылық тән түрлеріне қарағанда, институционалдық конвенционалдық түрін қолданатындығын көрсетеді. Олардың ішінде азаматтар көбіне сайлауға қатысуды таңдайды.

Зерттеу нәтижелері мүдделерді қорғаудың дәстүрлі емес түрлерінің рөлі болуы мүмкін екенін көрсетеді. Мысал ретінде мемлекеттік органдар мен соттарға ресми өтініштердің азаюы, бірақ жеке байланыстар арқылы өзіндік әрекеттерді қолдану жиілігінің тұрақтылығы дәлел бола алады. Немесе бұқаралық ақпарат құралдарына жүгінулердің азаюы, блогерлерге жүгіну немесе әлеуметтік желілердегі жарияланымдар арқылы назар аударудың балама құралдарын пайдаланудың нәтижесінде туындауы мүмкін.

Сондай-ақ, алынған деректер саяси партиялар, кәсіподақтар және қоғамдық ұйымдар тарапынан халықпен диалог пен өзара іс-қимылды күшейту қажеттілігін көрсетеді. Аталған азаматтық қоғам институттары өз қызметі нәтижелілігін халықтың қызығушылығы мен сенімін арттыруы керек, әйтпесе олардың мүдделердің өкілі ретінде пайдалану деңгейі төмендейді. Сондықтан бүгінгі күні оларға ең алдымен қоғам үшін өзектілігін көрсету, жұмыс әдістерін жаңғырту маңызды.

Саяси қатысу тәжірибесі туралы сұраққа «жауап беруге қиналатындар» үлесінің артуы ықтимал белгісіздік ахуалы және жаһандық үрдіс ретіндегі саяси турбуленттілік кезеңін көрсетеді. Осылайша, азаматтар саяси белсенділікті көрсетпес бұрын оқиғаларды қадағалап, жағдайды талдауға басымдық беруі, яғни қолайлы уақытты немесе мүмкіндікті күту жағдайында болуы мүмкін.

Респонденттердің саяси қатысу тәжірибесі туралы сұраққа жауап берулерінің қиынға соғуының себептерін одан әрі терең зерттеу қажет.

Осыған байланысты бірнеше ықтимал себептерді қарастыруға болады. Мысалы, қатысудың аталған түрлері туралы жеткіліксіз хабардар болуы, оларды анықтау мүмкін еместігі немесе респонденттердің аталған формалардың бірде бірін пайдаланбауын атауымызға болады. Екінші жағынан, мәселені респонденттердің қатысуы жоғары маңызға ие және саяси шынайылыққа әсер ете алатынына жеткілікті түрде сенбейтіндігімен де түсіндіруге болады. Мұндай қатыспау түрлері азаматтар арасында жасырын келіспеушілік туғызып, саяси коммуникация арналарының тиімділігіне кері әсерін тигізеді.

Тағы бір себеп, респонденттердің мемлекет тарапынан бақылауды сезінуі болуы мүмкін, бұл олардың саяси белсенділік туралы сұрақтардан аулақ болуына немесе «қауіпсіз нұсқаны» таңдауына әкеледі.

Осылайша, мемлекеттің саяси қатысу үшін ортаның жағдайына назар аударуы және азаматтардың пікір білдіру қауіпсіздігін қамтамасыз етуі маңызды. Саяси қатысуды азаматтарды саяси белсенділік мүмкіндіктері туралы ақпараттандыру және қатысудың жаңа алаңдары мен түрлерін құру кеңейте алады. Мұның әлеуетті тиімділігін Интернет, әлеуметтік желілер, цифрлық платформаларды пайдаланудағы артықшылықтар және олардың жастар арасындағы саяси белсенділікке әсері жөніндегі фокус-топтар нәтижелері дәлелдейді.

Ескере кететін жәйт, бытыраңқы ақпарат ақпараттық шаршау мен шатасуға әкелуі мүмкін. Сондықтан ақпараттық саясат азаматтық қоғаммен жұмыс істеуге, тексерілген және объективті ақпарат беру арқылы азаматтардың сенімін арттыруға, оның жүйелілігі мен ашықтығына, маңызды мәселелерді қамту және талқылау мүмкіндігіне бағытталуы керек.

Қорытынды

2021 жылғы қазақстандықтардың наразылық мінез-құлқының ерекшеліктерін зерттеу бізге COVID пандемиясының әлеуметтік-экономикалық салдарымен байланысты әлеуметтік наразылықтың жинақталуы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді және бұл 2022 жылдың қаңтарында ел қалаларының көшелерінде күшті деструктивті толқынға әкелді.

2021 және 2024 жылдары тұрғындардан алынған сауалнамалардың нәтижелерін салыстыру барысында әлеуметтік белсенділіктің түрлі формаларын пайдаланатын саяси қатысу деңгейі үлесінің төмендеуіне назар аударуға болады: қатысу түрлері сұранысқа ие, бірақ 2021 жылға қарағанда әлдеқайда аз дәрежеде. Сондай-ақ, жеке байланыстар арқылы өзіндік әрекеттер жасау және онлайн-петицияларға қол қою ғана бірдей деңгейде өзектілігін сақтап қалғанын атап өткен жөн.

Осылайша, қазақстандықтардың дәстүрлі (негізгі, институционалдық) және дәстүрлі емес (институционалдық емес) формаларды біріктіре отырып, саясатта өзара әрекеттесуінің көптеген жолдары бар екенін байқауымызға болады.

Зерттеуде қазақстандықтардың саяси қатысудың қолдануға қолжетімді, мәселелерді шешуде тиімді және қауіпсіз түрлеріне басымдық беретіндері анықталды. Қазақстандықтардың саяси қатысу әлеуеті сақталуда, бірақ оның форматы биліктің іс-әрекетіне және конструктивті коммуникация арналарын жетілдірулеріне байланысты болады.

Жастар санының өсуі бүгін де, болашақта да саяси қатысуды қайта форматтауға, белсенділіктің жаңа, дәстүрлі емес тәсілдерін таңдауға әсер етеді, олардың ішінде цифрлық қатысу ерекше орын алады. Тұрғындар вертикалды иерархиялық байланыстардың орнына уақыт өте келе горизонталды әлеуметтік байланыстар мен коммуникацияларға көбірек артықшылық беруге бейім болуы мүмкін. Мұндай бірігудің артықшылығы формализмнің төмендеуі, жеке дербестігін сақтай отырып, мүдделі топтар арқылы өзін-өзі көрсету мүмкіндігінде жатыр.

Қаржыландыру: *Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын AP23488744 «Қазақстандағы саяси қатысу: динамикасы және кеңейту мүмкіндіктері» атты гранттық ғылыми жобасы аясында жүзеге асырылды.*

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Almond G., Verba S. The civic culture: Political attitudes and democracy in five nations. - Princeton: Princeton University Press, 1963. - 574 p.
2. Kourvetaris G.A., Dobratz B.A. Political power and conventional political participation // Annual Review of Sociology, 1982. - №8. - P. 289-317. doi: 10.1146/annurev.so.08.080182.001445
3. Barrett M., Brunton-Smith I. Political and civic engagement and participation: Towards an integrative perspective // Journal of Civil Society, 2014. - №10(1). - P. 5-28. doi: 10.1080/17448689.2013.871911
4. Barrett M., Zani B. Political and civic engagement. - Taylor & Francis, 2015. - 584 p.
5. Hooghe M., Hosch-Dayican B., Van Deth J.W. Conceptualizing political participation // Acta Politica, 2014. - №49. - P. 337-348. doi:10.1057/ap.2014.7
6. Van Deth J.W. A conceptual map of political participation // Acta Politica, 2014. - №49. - P. 349-367. doi: 10.1057/ap.2014.6
7. Theocharis Y., Van Deth J.W. Political participation in a changing world: Conceptual and empirical challenges in the study of citizen engagement. - Routledge, 2018. - 144 p.
8. Ekman J., Amnå E. Political participation and civic engagement: Towards a new typology // Human affairs, 2012. - №22. - P. 283-300. doi: 10.2478/s13374-012-0024-1
9. Sairambay Y. Reconceptualising political participation // Human Affairs, 2020. - №30(1). - P. 120-127. doi: 10.1515/humaff-2020-0011
10. Илеуова Г.Т., Симакова О.А. Социальное самочувствие и протестные настроения казахстанцев в преддверии январских выступлений 2022 года // Социологические исследования, 2023. - № 1. - С. 95-106. doi: 10.31857/S013216250022093-5
11. Fazylyzhan D. Comparative analysis of political participation in the context of the spread of digital technologies based on the study of the experience of the UK and Kazakhstan // Adamalemi. - 2022. - №3(93). - P. 102-110. doi: 10.48010/2022.3/1999-5849.09
12. Абишев Г., Нечеева Е. Онлайн петиции как фрейм делиберативной демократии в современном Казахстане // Казахстан-Спектр, 2023. - №1(105). - С. 7-23. doi: 10.52536/2415-8216.2023-1.01
13. Kilybayeva S., Nassimova G., Massalimova A. The Kazakhstani youth's engagement in politics // Studies of Transition States and Societies, 2017. - №9(1). - P. 53-71. doi: 10.58036/stss.v9i1.533
14. Жусупова А. Потенциал социальных сетей как механизма реализации концепции «Слышащего государства» в Казахстане // Казахстан-Спектр, 2021.

- №98(2). - С. 23-43. doi: 10.52536/KS/vol_98_issue_2_A2
15. Жолдыбалина А., Ахметжаров С., Токтаров Е. Местные сообщества в селах как форма гражданского участия: проблемы и перспективы // Казахстан-Спектр, 2022. - №4(104). - С. 21-33. doi: 10.52536/2415-8216.2022-4.02
16. Маулышариф М., Рахимбекова Б., Сейсебаева Р. Религиозность и гражданский активизм молодежи в Казахстане: потенциальная связь и возможные противоречия // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии, 2022. - №3(82). - С. 71-82. doi: 10.26577/JPsS.2022.v82.i3.07
17. Отарбаева Б. Городской гражданский активизм в градостроительной политике Алматы // Казахстан-Спектр, 2022. - №3(103). - С. 48-65. doi: 10.52536/2415-8216.2022-3.03
18. Серикжанова А.Т., Нуртазина Р.А., Ланко Д.А. Архитектура политического участия в условиях глобализации: политологический анализ // Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии, 2021. - №3(77). - С. 103-113. doi: 10.26577/jpcp.2021.v77.i3.10
19. Амребаев А., Ешпанова Д. О массовом политическом сознании казахстанцев в условиях перехода от постсоветскости к «Новому Казахстану» // Адам әлемі, 2022. - №3(93). - С. 72-86. doi: 10.48010/2022.3/1999-5849.07
20. Утепов А., Джумабаев С. Тренды институционализации общественного участия в Казахстане для устойчивого развития // Государственное управление и государственная служба, 2022. - №1(80). - С. 7-18. doi: 10.52123/1994-2370-2022-574
21. Казахстан-2023: тенденции настоящего и контуры будущего. Коллективная монография // Под. ред. Е. Тукумов и др. – Астана: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2023. – 294 с.
22. Уроки «Трагического января»: единство общества – гарантия независимости. Выступление Главы государства Касым-Жомарта Токаева на заседании Мажилиса Парламента Республики Казахстан от 11 января 2022 года // <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kk-tokaeva-na-zasedanii-mazhilisa-parlamenta-respubliki-kazahstan-1104414> (қаралған күні: 30.12.2024).

REFERENCES:

- Almond, G., & Verba, S. (1963). *The civic culture: Political attitudes and democracy in five nations*. Princeton: Princeton University Press.
- Kourvetaris, G. A., & Dobratz, B. A. (1982). Political power and conventional political participation. *Annual Review of Sociology*, 8, 289–317. doi: 10.1146/annurev.so.08.080182.001445
- Barrett, M., & Brunton-Smith, I. (2014). Political and civic engagement and participation: Towards an integrative perspective. *Journal of Civil Society*, 10(1), P. 5-28. doi: 10.1080/17448689.2013.871911
- Barrett, M., & Zani, B. (2015). *Political and civic engagement*. Taylor & Francis.
- Hooghe, M., Hosch-Dayican, B., & Van Deth, J. W. (2014). Conceptualizing political participation. *Acta Politica*, 49, 337-348. doi:10.1057/ap.2014.7
- Van Deth, J. W. (2014). A conceptual map of political participation. *Acta Politica*, 49, 349-367. doi: 10.1057/ap.2014.6
- Theocharis, Y., & Van Deth, J. W. (2018). *Political participation in a changing world: Conceptual and empirical challenges in the study of citizen engagement*. Routledge.
- Ekman, J., & Amnå, E. (2012). Political participation and civic engagement: Towards a new typology. *Human affairs*, 22, 283-300. doi: 10.2478/s13374-012-0024-1
- Sairambay, Y. (2020). Reconceptualising political participation. *Human Affairs*, 30(1), 120-127. doi: 10.1515/humaff-2020-0011
- Ileuova G.T., Simakova O.A. Social'noe samochuvstvie i protestnye nastroyeniya kazakhstancev v preddverii janvarskikh vystuplenij 2022 goda [Social sentiment and protest moods of Kazakhstani people on the eve of the January 2022 rallies]. *Sotsiologicheskie issledovaniya-Sociological Studies*. 2023. No 1. pp. 95-106. doi: 10.31857/S013216250022093-5
- Fazylzhan, D. (2022). Comparative analysis of political participation in the context of the spread of digital technologies based on the study of the experience of the UK and Kazakhstan. *Adam alemi*, 3(93), 102-110. doi: 10.48010/2022.3/1999-5849.09
- Abishev G., Nechaeyva E. Onlajn peticii kak frejm deliberativnoj demokratii v sovremennom Kazakhstane [Online petitions as a framework for deliberative democracy in modern Kazakhstan]. *Qazaqstan-Spektr- Kazakhstan-Spectrum*. 2023. No 1(105). pp. 7-23. doi: 10.52536/2415-8216.2023-1.01
- Kilybayeva, S., Nassimova, G., & Massalimova, A. (2017). The Kazakhstan youth's engagement in politics. *Studies of Transition States and Societies*, 9(1), 53-71. doi: 10.58036/stss.v9i1.533
- Zhussupova A. Potencial social'nyh setej kak mehanizma realizacii koncepcii «Slyshashhego gosudarstva» v Kazakhstane [Potential of social networks as a mechanism for implementing the «Listening state» concept in Kazakhstan]. *Qazaqstan-Spektr- Kazakhstan-Spectrum*. 2021. No 98(2). pp. 23-43. doi: 10.52536/KS/vol_98_issue_2_A2

15. Zholdybalina A., Akhmetzharov S., Toktarov Y. Mestnye soobshhestva v selah kak forma grazhdanskogo uchastija: problemy i perspektivy [Local communities in rural area as a form of civil activity: Problems and prospects]. Qazaqstan-Spektr-Kazakhstan-Spectrum. 2022. No 4(104). pp. 21-33. doi: 10.52536/2415-8216.2022-4.02
16. Maulsharif M., Rakhimbekova B., Seisebayeva R. Religioznost' i grazhdanskij aktivizm molodezhi v Kazahstane: potencial'naja svjaz' i vozmozhnye protivorechija [Religiosity and civic activism of youth in Kazakhstan: potential link and possible contradictions]. Vestnik KazNU. Seriya psixologii i sociologii-The Journal of Psychology & Sociology. 2022. No 3(82). pp. 71-82. doi: 10.26577/JPsS.2022.v82.i3.07
17. Otarbayeva B. Gorodskoj grazhdanskij aktivizm v gradostroitel'noj politike Almaty [Urban civil activism in the urban planning policy of Almaty city]. Qazaqstan-Spektr-Kazakhstan-Spectrum. 2022. No 3(103). pp. 48-65. doi: 10.52536/2415-8216.2022-3.03
18. Serikzhanova A.T., Nurtazina R.A., Lanko D.A. Arhitektura politicheskogo uchastija v uslovijah globalizacii: politologicheskij analiz [The architecture of political participation in the context of globalization: a political analysis]. Vestnik KazNU. Seriya filosofii, kul'turologii i politologii- Journal of Philosophy, Culture and Political Science. 2021. No 3(77). pp. 103-113. doi: 10.26577/jpcp.2021.v77.i3.10
19. Amrebaev A., Eshpanova D. O massovom politicheskom soznanii kazahstancev v uslovijah perehoda ot postsovetskosti k «Novomu Kazahstanu» [About mass political consciousness Kazakhstani in the conditions of transition from Post-Soviet to «New Kazakhstan»]. Adam alemi. 2022. No 3(93). pp. 72-86. doi: 10.48010/2022.3/1999-5849.07
20. Utepov A., Jumabayev S. Trendy institucionalizacii obshhestvennogo uchastija v Kazahstane dlja ustojchivogo razvitiya [Trends in institutionalization of public participation in Kazakhstan for sustainable development]. Gosudarstvennoe upravlenie i gosudarstvennaja sluzhba- Public Administration and Civil Service. 2022. No 1(80). pp. 7-18. doi: 10.52123/1994-2370-2022-574
21. Kazakhstan-2023: tendencii nastojashhego i kontury budushhego. Kollektivnaja monografija [Kazakhstan-2023: Trends of today and outlines of tomorrow]. (2023). Ed. E. Tukumov and others. Astana: The Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan.
22. Uroki «Tragicheskogo janvarja»: edinstvo obshhestva – garantija nezavisimosti. Vystuplenie Glavy gosudarstva Kasym-Zhomarta Tokaeva na zasedanii Mazhilisa Parlamenta Respubliki Kazahstan ot 11 janvarja 2022 goda [Lessons of the “Tragic January”: Unity of Society is a Guarantee of Independence. Speech by the Head of State Kassym-Jomart Tokayev at a meeting of the Mazhilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan on January 11, 2022]. <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kk-tokaeva-na-zasedanii-mazhilisa-parlamenta-respubliki-kazahstan-1104414> (accessed: 30.12.2024).

Майра Дюсембекова¹, Елдос Жұмағұлов², Ержан Ибраев³

¹ Астана халықаралық университеті,
Ғылыми жоба жетекшісі, саяси ғылымдардың кандидаты, профессор
Orcid ID: 0000-0002-0604-1642,
e-mail: maira.eni@mail.ru

² «Қоғамдық келісім» РММ-сі жетекшісі
сарапшысы, саясаттану бойынша PhD
Orcid ID: 0000-0002-0147-3462
(Астана қ., Қазақстан),

³ Астана халықаралық университеті,
Ғылыми жоба бойынша ғылыми қызметкер
Orcid ID: 0009-0007-4376-662X
(Астана қ., Қазақстан)

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ

Аңдатпа. Бұл мақалада мемлекеттердің идеологиялық мақсаттарды жүзеге асырудағы ақпараттық технологиялардың дамуы және олардың рөлі жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында ақпараттық технологиялардың қоғамның барлық салаларына енуі, олардың мемлекет саясаты мен экономикасына тигізетін ықпалына талдау жасалған. XX ғасырдың ортасынан бастап ақпараттық кеңістіктің қарқынды дамуы қоғамдық пікірді қалыптастыруда жаңа мүмкіндіктер ашқанын көрсетеді.

Авторлар АҚШ, Қытай, Ресей, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея және Түркия сияқты елдердің ақпараттық технологияларды идеологиялық мақсатта пайдалану тәжірибесіне салыстырмалы талдау жүргізеді. БАҚ, әлеуметтік желілер және цифрлық платформалардың ақпараттық ықпал ету құралдары ретіндегі маңызы ерекше атап өтіледі.

Сондай-ақ, мақалада ақпараттық қауіпсіздік, саяси пропаганда, қоғамдық санаға әсер ету стратегиялары қарастырылып, әртүрлі елдердің әдістері сараланады. Бұл зерттеу қазіргі заманғы ақпараттық саясат пен технологиялардың өзара байланысы мен ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: ақпараттық технологиялар, идеологиялық мақсаттар, саяси пропаганда, бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер, саяси манипуляция, «жұмсақ күш».

Майра Дюсембекова, Елдос Жумагулов, Ержан Ибраев
**ОБЕСПЕЧЕНИЕ ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ:
МИРОВОЙ ОПЫТ**

Аннотация. В данной статье всесторонне анализируется развитие информационных технологий и их роль в реализации идеологических целей государств. Исследование охватывает процессы внедрения цифровых технологий во все сферы общества, а также их влияние на государственную политику и экономику. Отмечается, что с середины XX века стремительное развитие информационного пространства открыло новые возможности для формирования общественного мнения.

Авторы проводят сравнительный анализ опыта таких стран, как США, Китай, Россия, Великобритания, Южная Корея и Турция, в использовании информационных технологий для идеологических целей. Рассматривается значимость средств массовой информации, социальных сетей и цифровых платформ как инструментов информационного воздействия.

Кроме того, в статье рассматриваются вопросы информационной безопасности, политической пропаганды и стратегий влияния на общественное сознание, а также проводится анализ методов, применяемых различными странами. Данное исследование способствует более глубокому пониманию взаимосвязи современных информационных технологий и государственной политики.

Ключевые слова: *информационные технологии, идеологические цели, политическая пропаганда, средства массовой информации, социальные сети, политическая манипуляция, «мягкая сила».*

Maira Dyussembekova, Eldos Zhumagulov, Yerzhan Ibraev
ENSURING INFORMATION SECURITY: GLOBAL EXPERIENCE

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the development of information technologies and their role in the implementation of states' ideological objectives. The study covers the processes of digital technology integration into all spheres of society, as well as their impact on state policy and the economy. It is noted that since the mid-20th century, the rapid expansion of the information space has created new opportunities for shaping public opinion.

The authors conduct a comparative analysis of the experiences of countries such as the United States, China, Russia, the United Kingdom, South Korea, and Turkey in utilizing information technologies for ideological purposes. The significance of mass media, social networks, and digital platforms as tools of informational influence is examined.

Additionally, the article addresses issues of information security, political propaganda, and strategies for influencing public consciousness, as well as analyzing the methods employed by different countries. This research contributes to a deeper understanding of the interconnection between modern information technologies and state policy.

Keywords: *Information technologies, ideological objectives, political propaganda, mass media, social networks, political manipulation, «soft power».*

Кіріспе

Ақпараттық технологиялар қоғамдық өмірдің барлық салаларына дерлік қарқынды түрде ене отырып, оның құрамдас бөлігіне айналды. Қазіргі таңда заманауи жаһандық дамудың маңызды үрдісі уақыттың жеделдеуі мен қысқаруы болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда ақпараттық технологиялар мемлекеттің экономикасы мен саясатына, тұтастай жүйесіне зор ықпалын тигізуде. Сол себепті ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі мемлекеттердің стратегиялық басымдықтарының біріне айналды.

Бүгінде мемлекеттер өздерінің саяси мүдделерін ілгерілету және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ақпараттық ресурстарды кеңінен пайдалануда. АҚШ, Қытай, Ресей, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея және Түркия сияқты елдер идеологиялық мақсаттарды жүзеге асыруда түрлі әдіс-тәсілдер мен стратегияларды қолданады. Бұл елдердің тәжірибесі ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің түрлі аспектілерін қамтып, оның халықаралық деңгейдегі маңыздылығын көрсетеді.

Зерттеу мақсаты – мемлекеттердің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету стратегияларын, олардың идеологиялық мақсаттарға қол жеткізудегі рөлін, сондай-ақ ақпараттық кеңістіктегі ықпал ету механизмдерін жан-жақты талдау. Мақалада әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, қазіргі ақпараттық саясаттың негізгі үрдістерін анықтауға ерекше назар аударылады.

Зерттеу әдістемесі

Мақалада ақпараттық қауіпсіздік және идеологиялық мақсаттарды жүзеге асырудағы ақпараттық технологиялардың рөлі зерттеліп, салыстырмалы талдау, теориялық талдау және әлеуметтанулық әдістер қолданылған. Салыстырмалы талдау әдісі арқылы АҚШ, Қытай, Ресей, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея және Түркияның ақпараттық саясаты салыстырылды. Әлеуметтанулық әдіс қоғамдық пікірді талдау, әлеуметтік желілердің саяси процестерге ықпалын бағалау және мемлекеттік саясаттың әлеуметтік әсерін зерттеу тәсілдерін қамтыды. Бұл әдістер ақпараттық кеңістіктегі ықпал ету механизмдерін кешенді түрде түсінуге мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері

Ақпараттық технологиялардың дамуымен мемлекет қоғамдық пікірді қалыптастыруда, өзінің идеологиясы мен құндылықтарын ілгерілетуде жаңа кең мүмкіндіктерді иеленеді.

XX ғасырдың орта кезеңіне дейін мемлекет идеология жүргізу мен ақпаратты таратудың дәстүрлі, «механикалық» әдістерін пайдаланғаны белгілі. Осы дәуірдің 60 жылдарынан бастап ақпаратты таратудың құралдарын жетілдіру, компьютерлік желілер мен мәліметтердің электронды базасын құру үшінші мыңжылдықтың басында заманауи постиндустриалды қоғамның инфрақұрылымы ретінде жаһандық ақпараттық кеңістіктің пайда болуына әкелді.

Өз кезегінде бұл үрдіс:

- саяси салада күштік емес, ақпараттық факторлардың маңызы артуына;
- экономикада ақпараттық өнімдер тауар қатынастары жүйесіне еніп, ақпараттандыру мен ақпаратты қорғау құралдарын өндірушілер мен оларды тұтынушы көптеген коммерциялық құрылымдардың пайда болуына;
- экономикалық әлеуеттің ақпараттық инфрақұрылымның даму деңгейіне тәуелділігіне;
- мемлекеттік органдардан бастап жекелеген құрылымдарға дейін, басқару тиімділігін арттыру мен жақсартуға кең мүмкіндіктер беретін ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуымен байланысты ақпараттық салада барлық деңгейлерде басқару процестеріндегі сапалы серпіліске ықпалын тигізді.

Бұл процестер әрбір жеке технологияның әсерімен ғана емес, олардың өзара әрекеттесуімен және бір-бірін күшейтумен жүруде. Осылайша, біртұтас әлемдік ақпараттық кеңістіктің қалыптасуы қоғамдық прогрестің негізгі бағыттарын айқындай отырып, жаһандық даму факторына айналды. Ал ақпараттың өзі мемлекеттердің ең маңызды стратегиялық ресурсы болып отыр.

Интернет желісін пайдаланушылар саны жағынан алдыңғы қатардағы, қуатты технологиялық дамыған **Қытай** мемлекеті өздерінің интернет кеңістігін реттеуде қатаң шараларды қолданады. Олар ақпараттық саясатты мемлекетке елдегі интернет кеңістігін бақылауға толық құқық беретін «киберегемендік» қағидаты бойынша іске асыруда.

Қытайдағы интернет кеңістігін реттеу жүйесі кешенді көпдеңгейлі сипатқа ие:

- техникалық тәсілдер мен арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану арқылы материалдарды сүзгіден өткізу;
- бақылаушы адамдардың тікелей қатысуымен көпсатылы реттеу;
- осы салада заң бұзғандарға айыппұл салу жазасын қолдану [1].

2000 жылдың қыркүйегінде Мемлекеттік кеңес «ҚХР-дағы телекоммуникацияны реттеу» және «Интернет ақпараттық қызметтерін басқару шаралары» туралы ереже жинағын бекітті. Ол бойынша жеке тұлғалар мен ұйымдарға интернетті ел Конституциясының негізгі қағидаттарына қайшы келетін, мемлекеттік қауіпсіздік жүйесін айыптайтын, мемлекеттік құпияларды қамтитын немесе ұлттық бірлікке қауіп төндіретін материалдарды тарату, беру және көшіру үшін пайдалануға тыйым салынды.

Сонымен бірге, Қытай билігі 2003 жылдан бастап интернеттің Қытай сегментіндегі барлық ақпаратты нақты уақыт режимінде сүзгілеуді жүзеге асыратын «Алтын қалқан» қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін іске қосты. Бұл жүйе бірнеше рет жаңартылып, оның көмегімен 140 мыңнан астам интернет ресурстар бұғатталды. Олардың ішінде Facebook, Twitter, Youtube, Gmail, Google, Instagram, WhatsApp сияқты кеңінен танымал әлеуметтік желілер мен платформалар бар [2].

Қытай үкіметі ғаламдық интернет-қызметтердің қызметін шектеумен қатар, ауқымы жағынан батыс елдерімен салыстыруға болатын отандық ақпараттық жүйелерін (WeChat, Baidu, Weibo) дамытуға, сондай-ақ оларды әлемдік нарыққа шығаруға белсенді түрде ықпал етуде (мәселен, TikTok қысқаметражды бейнероликтермен бөлісу қызметі).

Жалпы алғанда, Қытай билігі мемлекеттік саясатты жүргізу мен идеологиясын таратуда отандық ақпараттық технологиялар мен ресурстарға ерекше мән бере отырып, сыртқы пропагандаға қарсы тұруда қатаң шаралар қолданумен ерекшеленеді.

Бүгінде әлемдік саяси процестердің негізгі ойыншыларының бірі саналатын **Америка Құрама Штаттары** ұзақ жылдар бойы ақпараттық технологиялар мен бұқаралық ақпарат құралдарын демократиялық құндылықтарды, сөз бостандығын және адам құқықтарын насихаттау құралы ретінде жүйелі түрде қолданып келеді. Ағартушылықтың ерекше миссиясын атқаратын, шынайы демократияның иесі болып саналатын АҚШ елдегі әлеуметтік наразылық деңгейін тиімді төмендетіп қана қоймай, сонымен бірге елдің имиджін көтеру мақсатында мемлекеттік органдардың, көптеген қоғамдық ұйымдар мен жеке тұлғалардың жүргізетін пропагандасына көп көңіл бөледі.

Американдық пропаганданың қазіргі кездегі дәстүрлі құрылымы теле-радио хабар таратудан, прессадан және интернет желісіндегі заманауи ақпарат құралдарынан тұрады.

Оның ішінде ABS, NBS және CBS сынды АҚШ-тың үш ірі медиа-компаниясы жетекші рөлді атқарады. Американдық қоғамның пікірінше, олар сол елдегі түрлі әлеуметтік және саяси көзқарастарды білдіріп, оңшылдар мен солшылдардың пікірлерін бірдей дәрежеде насихаттайды. Американдық компаниялардың саяси және экономикалық пікірлерін түрлі коммерциялық медиа-компаниялар білдіреді. Сонымен бірге, американдық пропаганда саяси манипуляциялау мақсатында әлеуметтік желілер, компьютерлік ойындар тәрізді жаңа арналарды пайдаланады.

Жалпы, АҚШ-та халықаралық БАҚ тарихы екінші дүниежүзілік соғыс кезінде «Америка дауысы» радиосының құрылуынан бастау алады. Бүгін де «Америка дауысы» ақпараттық интернет-ресурсы Ғаламдық медиа бойынша АҚШ агенттігіне (USAGM) қарасты 6 субъектінің қатарында.

Ғаламдық медиа бойынша АҚШ агенттігі сөз бостандығы, адам құқықтары мен демократия туралы ақпарат пен идеологияны таратуға бағытталған жобаларды белсенді түрде қолдайды.

USAGM бағалауы бойынша, апта сайын 394 миллион адам агенттіктің бағдарламаларына мүмкіндік алып отыр.

Федералды бюджеттен қаржыландырылып, Конгрестің қадағалауындағы бұл агенттік екі федералды құрылымды («Америка дауысы» және Кубаға хабар тарату басқармасы) және төрт коммерциялық емес ұйымды қамтиды: «Азат Еуропа/Азаттық радиосы», «Азат Азия радиосы», Таяу Шығыс хабар тарату желісі және Ашық технологиялар қоры [3].

«Америка дауысы», «Азат Еуропа/Азаттық радиосы» арқылы іске асырылатын бағдарламалар әлем бойынша миллиондаған адамды қамти отырып, демократиялық құндылықтар мен идеалдарды насихаттайды.

АҚШ әлеуметтік желілерді цифрлық дипломатияның маңызды құралы ретінде белсенді түрде пайдаланады. Американың елшіліктері мен мемлекеттік мекемелері Twitter, Facebook, Instagram және Telegram сияқты платформаларда белсенді жұмыс жүргізіп, шетелдік аудиториямен тікелей байланыс орнатады.

Google және Facebook сияқты американдық компаниялардың АҚШ-тың еркіндік пен теңдік идеалдарын ілгерілетуге зор ықпалын тигізуде. Олар өз платформаларының жұмыс ережелерін белгілеп, адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау мәселелеріне баса назар аударады.

Сол тәрізді еуропа құрлығындағы жетекші мемлекеттердің бірі **Ұлыбританияда** ақпараттық технологиялар қоғамдық пікірді қалыптастырудың, идеологиялық құндылықтарды ілгерілетудің қуатты құралына айналып отыр. Бүгінгі таңда «жұмсақ күш» термині британдық саясаткерлер арасында кеңінен қолданылады және үкіметтің, парламенттің ресми құжаттарында, ғылыми-сарапшылық қауымдастықтарда, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында жиі кездеседі.

Мысалы, 2015 жылы жарияланған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы мен Қорғаныс және қауіпсіздік стратегиясының шолуында (National Security Strategy және Strategic Defence and Security Review) «жұмсақ күшке» үлкен мән берілген: ұлттық қауіпсіздік стратегиясының маңызды басымдықтарының бірі ретінде «жұмсақ күш» арқылы Ұлыбританияның ықпалын күшейту қажеттілігі атап өтілген [4].

«Жұмсақ күш» концепциясының өзектілігін Ұлыбританияның Палата лордтары жанындағы «Жұмсақ күш» және ықпал ету» комитетінің жұмысы да дәлелдейді [5]. Сонымен қатар, 2014 жылы Ұлыбританияның қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарға арналған ұлттық академиясы – Британдық академия – «Тартудың өнері. Жұмсақ күш және Ұлыбританияның әлемдегі рөлі» атты есепті жариялады [6]. Бұған қоса, Британдық кеңес 2013 жылы «Ықпал және тартымдылық» атты баяндаманы әзірлеп, оны британдық «жұмсақ күшке» арнады [7].

Ұлыбританияның сыртқы саясаты, бір жағынан, қазіргі әлемдік тәртіптің қалыптасуына айтарлықтай ықпал етті, екінші жағынан, уақыт талаптарына сай әрекет етіп, әскери емес факторлар күшінің өсіп келе жатқан рөлін ескеруге ұмтылды. Мемлекеттің мәдениетінің, ұлттық құндылықтарының және сыртқы саясатының тартымдылығына негізделген «жұмсақ күш» экономикалық өсуді ынталандырып қана қоймай, сонымен бірге әлемдегі даму бағыттарын қалыптастыруға және олардың бағытын анықтауға ықпал етеді.

Ұлыбританияның «жұмсақ күш» саясатын жүзеге асыруда негізгі рөл атқарушы билік тармағына тиесілі. Бұл саясатты іске асырудың жетекші міндеті премьер-министр мен министрлер кабинеті арқылы жүзеге асады. Кабинетке мемлекеттік департаменттердің басшылары кіреді және олар үкіметтің жалпы саясатына жауап береді.

Қазіргі британ үкіметінің құрылымына:

- 25 министрлік департамент (тәуелсіз министрліктер),
- 21 министрлікке жатпайтын департамент (саяси араласуды қажет етпейтін мемлекеттік құрылымдар),
- көптеген агенттіктер, қоғамдық ұйымдар және мемлекеттік корпорациялар (мысалы, Би-Би-Си) кіреді.

Бұл құрылымдардың үштен бір бөлігі және онға жуық басқа мекемелер бірлесіп, Ұлыбританияның «жұмсақ күшін» арттыруға бағытталған жо-спарлау, үйлестіру және бағалау жұмыстарын жүргізеді.

Ұлыбританияның «жұмсақ күш» саясатының орталық үйлестірушісі – Сыртқы істер және достастық істер министрлігі (Foreign and Commonwealth Office, Форин-офис). Бұл министрлік британ дипломатиялық және сауда өкілдіктері арқылы әлемдегі барлық бағыттарға ықпал етеді.

Министрлік стратегиялық реформаларды жүзеге асыру үшін халықаралық серіктестіктер мен байланыстарды нығайтып, британ мәдениеті мен құндылықтарын жаһандық деңгейде насихаттауға басымдық беріп келеді. Сонымен қатар, Форин-офис басқа да мемлекеттік және қоғамдық құрылымдармен, әсіресе Британ кеңесі мен Би-Би-Си сияқты ұйымдармен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді.

Үкімет ұлттық құндылықтарды түсіндіретін және қоғамға қызмет ететін арнайы веб-сайттарды белсенді қолданады. Мысалы, British Council ұйымы мәдениет пен ағылшын тілін насихаттауда интернет-платформа-ларды белсенді пайдаланады.

Ұлыбританияның ресми ұйымдары Twitter, Facebook және Instagram сияқты әлеуметтік медиа платформаларын белсенді түрде пайдала-нып, демократиялық құндылықтар, азаматтық құқықтар және мәдени мұралар туралы ақпарат таратады. Ал BBC Learning және FutureLearn сияқты онлайн платформалар білім беру арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеудің үлгісі болып табылады.

«Жұмсақ күш» саясатын белсенді қолданатын елдердің қатарында **Оңтүстік Корея** да бар. Оңтүстік Кореяның ұлттық брендинг тәжірибесі оның мәдени өнімдерін әлемдік аренаға шығарып қана қоймай, ұлттық бірегейлігін сақтауға және оның жұмсақ күшін нығайтуға мүмкіндік берді.

1980 жылдардың соңында Оңтүстік Кореяда американдық мәдениеттің кеңінен таралуы байқалды. Белгілі болғандай, 1945 жылғы кеңестік-американдық келісімнен кейін Оңтүстік Корея АҚШ юрисдикциясына өтті. 1945 жылдан 1948 жылға дейін Корея саяси, экономикалық және мәдени тұрғыда америкалық әскери әкімшіліктің ықпалында болды. Бұл жағдай корейлер арасында ұлттық мәдениеттің ассимиляциялануынан туындаған ұлттық сезім мен үрейді оятты. Дегенмен, жаһандық капи-тализм мен корей ұлтшылдығының үйлесімі күтпеген нәтижеге әкеліп, корейлердің өз мәдени өнімдерін әлемдік нарыққа тарату мүмкіндігі мен қажеттілігін түсінуіне жол ашты [8].

Бұл идеяның негізі 1990-жылдары президент Ким Ёнсамның (1993–1998) билікке келуімен қаланды. Бұл бағыт елдің экономикасы, саясаты, білім беру және мәдениетін жаһандық стандарттарға сәйкес реформалауды көздейтін «елді жаһандандыру» идеясын жүзеге асырумен тығыз байланысты болды.

1994 жылы корей медиапродукциясын әлемдік деңгейде ілгерілету мақсатында Мәдени индустрия бюросы құрылды. Бұл процесте маңызды рөлді «чеболь» (chaebols) – отбасылық капиталға негізделген қаржылық-өндірістік топтар атқарды. Формалды түрде олар дербес компаниялар топтары ретінде жұмыс істесе де, шын мәнінде, белгілі бір отбасылардың иелігінде болып, бірыңғай әкімшілік және қаржылық бақылауда болады. Кореяның ең ірі «чебольдерінің» қатарында «LG», «Hyundai», «Samsung» корпорациялары бар. Үкімет осы компаниялардан жаппай мәдениет индустриясының дамуы кезеңінде кино және теледидар индустриясына белсенді инвестиция салуды талап етті. 1998 жылы ойын-сауық индустриясын реформалауға арналған 5 жылдық жоспар жасалып, сәтті жүзеге асырылды. Бұл жоспар аясында корей университеттерінде таланттарды арнайы даярлау бағдарламалары іске қосылды [9].

2009 жылы Оңтүстік Корея ұлттық имиджін жақсартуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаны қабылдады. Осы бағдарламаның шеңберінде Ұлттық брендинг бойынша кеңес бірқатар маңызды жобаларды іске қосты. Сондай жобалардың бірі «Корей толқыны» бағдарламасы. Бұл бағдарлама аясында корей бұқаралық мәдениетін шет елдерге тарату мақсаты қойылған. Мемлекет корей сериалдарының шетелде көрсетілуіне мүмкіндік жасап, корей өнерінің көрмелері мен кинофестивальдерін ұйымдастырады [10].

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) дамыту индексі бойынша Оңтүстік Корея ең дамыған елдер қатарына кіреді. ICT Development Index деректеріне сәйкес, 2017 жылы Оңтүстік Корея әлемде екінші орынды иеленді [11]. Бұл индекс қазір жүргізілмейді. Ал Жаһандық инновациялық индекс бойынша Оңтүстік Корея 2023 жылы 6-орынды иеленді [12].

Оңтүстік Кореяның осы саладағы жетістіктері әлемдік цифрлық державалар үшін үлгі бола алады. Кореяның деректерді қорғау, инновациялық шешімдерді енгізу және IT инфрақұрылымын дамытудағы тәжірибесі ерекше назар аударады.

Ресейдің ақпараттық технологияларды пайдалану және дамытудағы тәжірибесі көптеген бағыттарды қамтиды және бірқатар ерекшеліктерімен сипатталады. Бұл тәжірибе елдің ішкі қажеттіліктеріне, сыртқы саяси жағдайға және экономикалық мақсаттарына байланысты қалыптасқан.

Ресейдің ақпараттық саясаты интернеттегі ресейлік сегменттің қызмет ету тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Елдің конституциялық құрылысы мен мемлекеттік мүддесіне қайшы келетін материалдарды бұғаттау және жою бойынша тәжірибелік құралдар ұдайы жетілдірілуде. Бұл функцияны Ресейде Байланыс, ақпараттық технологиялар және

бұқаралық коммуникацияларды қадағалау бойынша федералды қызмет (Роскомнадзор) атқарады.

2021 жылы 1 шілдеде Ресейде шетелдік тұлғалардың РФ аумағында интернеттің ақпараттық-телекоммуникациялық желілеріндегі қызметі туралы федералды заңы қабылданды.

Бұл заңға сәйкес, 500 мыңнан астам ресейлік аудиториямен жұмыс істейтін ірі шетелдік интернет-компаниялар елде толыққанды өкілдігін (филиалын) ашу міндеттеледі. Мұндай қадам белгілі бір шетелдік компанияның ел аумағында тыйым салынған ақпараттың таралуын шектеуден бас тартқан жағдайда, күштік құрылымдармен өзара әрекеттесу үшін жасалған [13].

Бүгінде Ресейдің ақпараттық кеңістігінде ұлтшылдық, отаншылдық идеологиясының басымдығын байқауға болады. Сол себепті Ресей идеологиялық мақсаттарды іске асыруда пропагандаға үлкен көңіл бөледі. Бүгінде Ресейдің пропаганда материалдарын өндіруі бұрын-соңды болмаған деңгейге жетіп, көптеген түрлі арналар арқылы таратылады. Бұл материалдар мәтіндерді, бейне және аудио жазбаларды, сондай-ақ суреттерді қамтиды. Олар интернетте, әлеуметтік желілерде, спутниктік және дәстүрлі телехабар тарату арналарында, сондай-ақ радиода кеңінен таралады.

RT (Russia Today) – Ресейдегі мультимедиялық жаңалықтардың негізгі жеткізуші арналардың бірі. Жылдық бюджеті 300 миллион АҚШ долларынан асатын бұл БАҚ ағылшын, француз, неміс, испан, орыс және Шығыс Еуропаның кейбір тілдерінде хабар таратады. Бұл арна әсіресе интернетте кең танымалдыққа ие, осы арнаның мәліметтері бойынша, парақшаның қаралымы миллиардтан асады. Осы орайда, RT интернеттегі ең көп қаралатын жаңалықтар көзі болып табылады. Дегенмен, RT сияқты айқын ойыншылардан бөлек, ресейлік пропаганданы ұсынатын ондаған жаңалықтар сайттары да бар.

Сонымен бірге, Sputnik, «Россия РТР» / «РТР Планета», «Россия 24» «Россия 1», «ТВ Центр», НТВ/НТВ Мир, РЕН ТВ және Первый канал сияқты ішкі ақпараттық нарықтағы негізгі дәстүрлі арналар қызмет етеді.

Ресей ВКонтакте, Одноклассники әлеуметтік желілері, Telegram мессенджері, Яндекс іздеу жүйесі, Mail.ru. электрондық поштасы сияқты отандық технологияларды дамытуға баса назар аударуда.

Ресей сонымен бірге идеологиясын жүргізуде «жұмсақ күш» тәсілін қолданады. Атап айтқанда, посткеңестік мемлекеттерге, әсіресе шетелдегі өз азаматтарымен байланысын сақтау және нығайту үшін дәстүрлі түрде жұмсақ күштің екі құралын пайдаланады: орыс тілін насихаттау және Ұлы Отан соғысындағы ортақ жеңісті есте сақтауды қолдау.

Ресейдің посткеңестік кеңістікте жұмсақ күші құралдары келесідей элементтерден тұрады:

- орыс тілін сақтау және дамыту;
- ресейлік мәдениетті насихаттау;
- ресейлік білім беру жүйесін экспорттау;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңейту;
- масс-мәдениетін тарату;
- ортақ тарихты насихаттау;
- шетелдегі отандастарға қатысты саясат

Ресейлік отандастар Ресейдің «ақыл күші» құралдарының бірі. Бүгінгі күні Ресейдің сыртқы істер министрлігінің есебіне сәйкес, шетелде тұратын ел азаматтарының саны 25-30 млн адамды құрайды. Оның ішінде 2022 жыл бойынша елден кеткендердің саны 1 млнға жуықтайды [14].

Осы орайда ТМД елдеріндегі отандастарын қолдау және олардың құқықтарын қорғау мәселесімен айналысатын «Орыс әлемі» қоры жұмыс істейді. Оның негізгі мақсаты ресейлік мәдени кодты тарату болып табылады.

Жалпы алғанда, Ресейдің ақпараттық саясатындағы басты мақсаттарының бірі – ұлттық мүдделерін қорғау, жаһандық аренада ықпалын нығайту және идеологиялық үстемдікке қол жеткізу. Бұл идеология көбінесе «Ресейдің ерекше миссиясы», «Батысқа қарсы тұру» және «дәстүрлі құндылықтарды қорғау» идеяларымен сипатталады.

Қазіргі таңда әлемдік саясаттағы маңызды ойыншылардың бірі **Түркия** мемлекеті саналады. Түркия үшін идеологиялық мақсаттарын ілгерілетуде ақпараттық технологиялар маңызды рөл атқарады, әсіресе мәдени ықпалдың (жұмсақ күштің) құралдарын белсенді түрде пайдалану арқылы халықаралық аренада өз ықпалын арттыруда.

Түркия өз азаматтарымен іс-қимылды нығайту және мемлекеттік басқаруды жақсарту үшін «Е-Мемлекет» сияқты электронды бағдарламаларды белсенді түрде дамытып келеді. Бұған қоса, бұл азаматтарға үкімет органдарымен тікелей байланысуға мүмкіндік беретін «Президенттен сұра» сияқты платформалары бар [15].

Сондай-ақ, Түркі елі цифрлық платформалар, әлеуметтік желілер және мультимедиа арқылы өз мәдениетін, тілін және құндылықтарын насихаттап келеді. Мысалы, түрік сериалдары мен фильмдері стримингтік платформалар арқылы көптеген елдерде танымал. Сондай-ақ, технологиялық компаниялары да аймақтағы IT-инфрақұрылым мен телекоммуникация саласында ықпалын кеңейтуде.

Түрік телеарналары мен интернет платформалары халықаралық аудиторияға Түркияның саясатының мәдени және әлеуметтік аспектілерін таныту үшін кеңінен қолданылуда. Мысалы, TRT World арнасы түрік билігінің халықаралық медиаплатформасын қалыптастырып, әлемдік аудиторияға Түркияның көзқарастарын жеткізуде үлкен рөл атқаруда.

Сонымен қатар, әлеуметтік желілер де мемлекеттік деңгейде ақпарат тарату мен түрлі саяси хабарламалар жасау ретінде белсенді жүргізіледі. Түркияның мемлекеттік бағдарламалары мен қоғамдық қатысу мәселелері Твиттер мен Фейсбук сияқты кеңінен танымал ақпараттық платформалар арқылы жүзеге асырылады. Бұл цифрлық алаңдар Түркияның сыртқы

саясатын қалыптастыру мен халықпен диалог орнатуға мүмкіндік беріп отыр.

Саясаттағы идеологиялық мақсаттарға жету үшін Түркия мәдениет саласы мен тарихи мұраны «жұмсақ күштің» негізгі құралы ретінде пайдаланады. Осы тұрғыда мәдениетке негізделген жұмсақ күш саясаты бірнеше бағытта дамуда:

1. Тарихи және мәдени байланыстарды нығайту

Түркия өзінің Осман империясынан қалған тарихи мұрасын Орталық Азия, Кавказ, Балқан және Таяу Шығыс елдерімен қарым-қатынасты нығайтуда қолданады. Бұл елдердегі халықтардың тілі, діні және мәдениеті Түркиямен ортақ болғандықтан, мәдени байланыстарды дамыту Түркияның саясатының басым бағыттарының бірі.

2. Түрік сериалдары мен фильмдері

Түрік телесериалдары әлемнің көптеген елдерінде танымал болып, Түркияның мәдениетін насихаттау құралына айналды. Бұл медиа өнімдер Түркияның заманауи бейнесін көрсетуімен қатар, елдің мәдени және отбасылық құндылықтарын жаһандық аудиторияға танытуда маңызды рөл атқарады.

3. ТЮРКСОЙ және білім беру

Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігі (ТІКА) және Халықаралық түркі мәдениеті ұйымы (TÜRKSOY) және Юнус Эмре институттары арқылы Түркия мәдениет пен білім саласындағы байланыстарды нығайтады. Түркі тілдес мемлекеттерге білім беру бағдарламаларын, стипендиялар мен бірлескен жобаларды ұсына отырып, бұл елдер арасындағы ынтымақтастықты күшейтуге бағытталған.

4. Кинофестивальдер мен мәдени шаралар

Түркия халықаралық кинофестивальдер, музыкалық және этнографиялық фестивальдер ұйымдастыру арқылы өзінің мәдениетін әлемге танытуда. Бағдарламалар тек шетел азаматтарына ғана емес, сонымен қатар шетелде тұратын түрік азаматтарына да бағытталған. Түркияны шетелде насихаттау үшін көрмелер, Түркия күндері, Түркия апталықтары, Түркия жылдары, Түркия маусымдары сияқты шаралар ұйымдастырылады. Бұл шаралар Түркияның мәдени мұрасының байлығын көрсетуге және елдің оң имиджін қалыптастыруға ықпал етеді.

5. Діни және тілдік ықпал

Түркия мұсылман елдерінде дәстүрлі Ислам дінін насихаттап, Түркияның рөлін күшейтуге тырысады. Сонымен қатар, түрік тілін үйрету бағдарламалары елдің мәдени ықпалын арттыруға септігін тигізуде.

